Кризис идентичности выступает прямым следствием упадка авторитета традиционных основ воспитания: семьи, государственной идеологии, религии. Широко открывшийся выбор, пример других стран и обществ, по-своему решающих проблемы самоопределения, приводит к тому, что человеку все сложнее найти устойчивое социальное положение, точно определить себя как члена семьи (рода), как гражданина страны или патриота, даже половая/гендерная идентичность переживает кризис. Социальные связи интенсифицируются, возрастают во времени и количестве (что достигается общением в интернете, соцсетях), но вместе с тем они становятся фрагментарными, краткосрочными, возрастает индивидуализация. Кроме того, крайне проблемной является тема коллективной идентичности; правомерно заключение исследователей о том, что «Отсутствие общей идентичности как

высшей ценности россиян опасно вдвойне и становится одним из важнейших факторов нестабильности» [4, с. 78].

Сложившаяся ситуация позволяет исследователям говорить о кризисе идентичности человека, оказавшегося в социальном мире одиноким: так, Х.Аренд пишет о «безмирности» человека, который уже не чувствует возможности воздействовать на окружающий мир; Р.Сеннет утверждает «падение публичного человека», Ш.Зукун говорит об «истощении идеала общей судьбы», а У.Бек – об «эпидемии эгоизма, одержимости собственным Я». «Расчеловечивание», о котором писал А.Маслоу, становится реальностью, когда человек теряет подлинно человеческие свойства [5, с. 59].

Естественным симметричным ответом на вышеуказанные процессы становится активный «реверсивный» поиск идентичности в рамках процесса локализации: актуализируются идеи кастовости, этнические традиции, догматы религий; однако этот процесс имеет и крайне негативные стороны, связанные с возрастающей социальной конфликтностью.

Таким образом, современный человек в поиске личностной (культурной) идентичности оказывается в промежутке между индивидуализмом и групповой (традиционной) идентичностью, между глобальными и локальными процессами.

Изменения в политической и социальной жизни вели к видоизменению традиционных идентичностей, что стало, по нашему мнению, одним из наиболее грозных «вызовов» глобализации. Сегодня в «глобализованном» мире «атлантической» цивилизации актуализированы ценности, являющиеся нередко, по сути, ценностями выбора, то есть не несущие определенной ценностной установки: к таким ценностям во многом относятся и толерантность, и свобода выбора гендерной позиции. Ценности «открытого мира» работают на сохранность этого типа культуры, на еще большее распространение возможности выбора в любой точке жиз-

ненного мира. Одним из последствий идеологии выбора становится, в частности, постоянное расширение возможности того, что считалось в большинстве традиционных государств на протяжении истории человечества недопустимым или незаконным или допускалось только в качестве исключения: законные однополые браки, легализация проституции и различных видов наркотиков, эвтаназия. Очевидно, что эти постепенно легализуемые вещи являются шагами к достижению той самой свободы, которая имплицитно воспринимается в культуре скорее не как осознанная необходимость, но как гипотетическая вседозволенность.

Многолетний опыт анализа философии воспитания в различных странах мира привел к пониманию того, что между тенденцией к сугубой глобализации и сугубой локализации наиболее плодотворным оказывается средний путь: учета национальных традиций и аксиологии в контексте процессов мирового развития технологий и мировой культурной ассимиляции.

Открытость общества хотя и способна искушать его граждан соблазнами мультикультурализма, вместе с тем обеспечивает их конкурентноспособность на мировом рынке, обеспечивает выживание общества и государства (или совокупности государств) как единого целого, объединенного не только традициями и ценностями, но и единым государственным политическим курсом, предполагающим единую идеологию и связанную с ней воспитательную систему.

Воспитательная система в современном государстве не может основываться ни на традициях, ни на новаторстве: основанием для нее должна быть проработанная идеология, заключающая в себе цель процесса воспитания. Если целью воспитательного процесса является формирование личностной (или групповой) идентичности, то эта идентичность должна подразумеваться или формулироваться в рамках государственной идеологии и

национальной воспитательной стратегии.

Современная идентичность, формируемая на уровне государственной идеологии, не может игнорировать такие факторы, как открытое информационное общество, сочетание и диалог идей и традиций.

Необходимость формирования этнической идентичности в процессе социализации детей заявлена в Концепции развития поликультурного образования в Российской Федерации (2006). В послании Президента Российской Федерации Д.А. Медведева Федеральному собранию (2008), в проекте Министерства регионального развития РФ «Народов много – страна одна» (2009), в Национальной доктрине образования в Российской Федерации (до 2025 г.) постулируется необходимость использования в воспитательном процессе традиций и культур различных этносов России. Таким образом, на государственном уровне сегодня актуальной признается цель формирования как этнической, так и надэтнической идентичностей.

Россия, с трудом оправляясь от всех исторических испытаний XX века и наиболее далеко отойдя от традиционных национальных основ идентичности, находится в очень сложном положении и активном поиске объединяющей идеи. Вместе с тем нельзя игнорировать тот давно отмеченный факт, что «в культурное бытие России в соизмеримых между собой долях вошли элементы различнейших культур» [6, с. 17], влияния Юга (Византия), Востока и Запада, то есть ограничение самоопределения россиян национальной (и в особенности славянской или даже великорусской) идентичностью не будет иметь каких-либо положительных последствий.

Необходимо постулирование более крупной, цивилизационной идентичности, которая обнаруживает не только локальные, но и глобальные общезначимые ценностные, когнитивные и деятельностные элементы. Такая идентичность способна не только преодолеть растущую

ксенофобию, в частности в России, но и вывести общность народов к равноправному сопоставлению как с американской, так и с европейской цивилизационной идентичностью; позиционирование такой идентичности является естественным ответом на глобализационные и локализационные процессы современности. Такую идентичность закономерно назвать идентичностью евразийской.

Евразийская идентичность должна непротиворечиво включать в себя этническую идентичность, быть основанной на сумме таких идентичностей, но вместе с тем и нести в себе более общее содержание, не доступное в рамках идентичности отдельного этноса.

Противостояние «евразийского» и «атлантического» начал может трактоваться в мифологическом ключе с позиций философской публицистики, популяризирующей идеи евразийства среди читающей публики. В контексте социальной философии «атлантическое» – это только обобщающее название для западного общества, которое делает упор на свободу выбора, утверждая, что именно он способен дать человеку выжить в меняющемся мире.

Отчасти это утверждение точно: человек монокультуры, закрытой от влияния других культур, при столкновении с по-

ликультурными веяниями глобализирующегося мира оказывается в состоянии глубокого культурного шока (в отличие от готовых к принятию других культур). Вместе с тем, от культурного шока в традиционной культуре защищают собственные механизмы. Наиболее распространенным из этих механизмов является первичное неприятие, остраение, однако затем сменяющееся возможностью культурного диалога. При этом собственная культура остается приоритетной, ее ценности не подвергаются в большой мере проверке на прочность со стороны иной культуры.

Заключение

Таким образом, вопрос «выживания культуры» решается однозначно положительно. При приоритете идеологии свободы выбора также первичная социализация сопровождается формированием определенной идентичности, однако, в частности, присутствующие в воспитательной работе на самых ранних стадиях элементы воспитания толерантности могут препятствовать формированию твердых убеждений и ценностей, так как, повторимся, сама толерантность в ее глобальном смысле есть не содержательная ценность, а «ценность выбора», то есть права на выбор ценности.

ЛИТЕРАТУРА

1. Власов С.А. Аксиология современной российской системы образования // Контекст и рефлексия: философия о мире и человеке. – 2012. – № 1. – С. 87–93.
2. Ядов В.А. Социология в России / Под ред. В.А. Ядова. – 2-е изд., переработ. и доп. – М.: Изд-во Института социологии РАН, 1998. – 696 с.
3. Губогло М.Н. Идентификация личности. Этносоциологические очерки. – М.: Наука, 2003. – 764 с.
4. Российская идентичность на Северном Кавказе / Под общ.ред. А.Ю. Шадже. – М., Майкоп, 2010. – 248 с.
5. Абельс Х. Интеракция, идентичность, презентация. – СПб.: Алетейя, 2000. – 272 с.
6. Баженов С.В. Трансформация российской идентичности в процессе информационного противоборства в условиях глобализации: автореферат дисс. ... канд. филос. наук. – Ростов-на-Дону, 2010. – 26 с.

REFERENCES

1. Vlasov S.A. Axiology of modern Russian system of education // Context and reflection: the philosophy about the world and human. – 2012. – No 1. – P. 87–93.

2. Yadov V.A. Sociology in Russia / Ed. V.A. Yadov. – 2nd ed., Revised and complemented. – M.: Publishing House of the RAS Institute of Sociology, 1998. – 696 p.
3. Guboglo M.N. Personal identification. Ethnosociological essays. – M.: Science, 2003. – 764 p.
4. Russian identity in the North Caucasus / Under general ed. A.Yu. Shadzhe. – M., Maikop, 2010. – 248 p.
5. Abels Kh. Interaction, an identity, presentation. – St. Petersburg.: Aleteyya, 2000. – 272 p.
6. Bazhenov S.V. Transformation of Russian identity in the process of information confrontation in the conditions of globalization: the dissertation of the candidate of philosophical sciences. – Rostov-on-Don, 2010. – 26 p.

ЛЕПЕШЕВ Д.В. ТӘРБИЕЛЕУ МАҚСАТЫ РЕТІНДЕ СӘЙКЕСТІЛІКТЕР ЖҮЙЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТАЛДАУ (РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ МЫСАЛЫНДА)

Мақала тәрбие беру үрдісінің мақсаттары ретінде сәйкестіктер концепциясына арналған. Тәрбиелеу мақсаты ретінде сәйкестіктің қалыптасуы бүгінгі әлемде кәдеге жарату және біріздендіру қауіптілігіне ұшыратады. Қазіргі замандағы адам өмірінің жаһандану үрдістері әсерінен ұлттық және азаматтық нақыштан алшақтауы, оның табиғатын жаһандандыра отырып, өз ұйғарымын анықтау жағдайының бұзылуына әкеледі. Сондықтан, «тамырлары», топырағы, тұрмыс тіршілігінің өзгермеуі – ұлттық сәйкестіктерінің толығымен сақталуына сүйемелденетін зерттеушілердің дәлелдері көбінде шындыққа ұласады.

Автор заманауи сәйкестіктерінің әртүрлі түрлерін, олардың динамикасын және жағдайын қарастырады. Ол әлеуметтік-психологиялық тұрақтылық факторлары ретінде сәйкестіктердің әртүрлі түрлерін нығайту қажеттілігі туралы қорытындыға келеді және бұрынғы кеңестік кеңістік үшін актуалды еуразиялық сәйкестіктің концепциясын алға қояды.

Кілтті сөздер: әлеуметтану, тәрбиелеу философиясы, сәйкестілік, этникалық сәйкестік, еуразиялық ерекшелік, атланттық ерекшелік.

LEPESHEV D.V. SOCIAL AND PHILOSOPHICAL ANALYSIS OF FORMATION OF IDENTITY SYSTEM AS THE PURPOSE OF UPBRINGING (ON THE EXAMPLE OF THE RUSSIAN FEDERATION)

The article is dedicated to the concept of identity as the purpose of upbringing. The formation of identity as the purpose of upbringing faces today the threat of utilization and unification. Separation of modern life from the national and civil grounds under the influence of globalization processes «globalizes» its nature and undermines the situation of self-determination. Therefore the arguments of researchers who stand up for especial preservation of national identity – «the roots», the basis, life invariance – are justified in many respects.

The author considers various currently available types of identity, their dynamics and state. He comes to a conclusion about the need to strengthen different types of identity as factors of social and psychological stability and puts forward the concept of Eurasian identity, topical for the post-Soviet space.

Keywords: socialization, philosophy of education, identity, self, ethnic identity, eurasianism, Atlanticism.

ӘӨЖ 378.14

**ОҚЫТУШЫ АРАЛАС ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНДЕ
БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНІҢ СУБЪЕКТИСІ РЕТІНДЕ****Д.С. БАТАЕВА**

биология кафедрасының 2 курс PhD докторанты

М.БҰЛАҚБАЕВА

п.ғ.к., жалпы педагогика кафедрасының мұғалімі

Г.У. ДЮСКАЛИЕВА

б.ғ.д., биология кафедрасының профессоры

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

e-mail: dariga.batayeva@gmail.com

Мақалада аралас оқыту қазіргі білім беру жүйесін модернизациялаудың келешегі зор құралы ретінде қарастырылып, берілген ұғымға анықтама берілді. Жоғары оқу орындарының оқытушыларын дайындау мен қайта даярлау, аралас оқыту технологияларын пайдалану іс-әрекетін жүзеге асыру, тиімді оқытудың маңызды шарты болып табылатыны даусыз. Аралас оқытудың сапасы мен жетістікке жетуі негізінен, аралас оқу үдерісін дұрыс ұйымдастыру, оқу-әдістемелік құралдардың сапасына, педагогикалық басшылыққа, аралас оқытудың технологиясымен жұмыс істейтін оқытушылардың құзыреттілігі мен кәсіби шеберлігіне байланысты. Сондықтан заманауи технологияларды жетік меңгерген, инновациялық әдістерді білетін оқытушы жаңа ақпараттық-білім беруші ортада жұмыс жасауға даяр болуы міндетті. Аралас оқыту үрдісінің дидактикалық өзгешелігіне сай оқытушының педагогикалық әдеби мен кәсіби шеберлігіне қойылатын талаптар атқарылымы қарастырылады.

Кілтті сөздер: аралас оқыту, модернизация, оқытушы, тьютор.

Кіріспе

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында жаңа ұлттық пайымдау ұсынылды: 2020 жылға қарай Қазақстан – білімді мемлекет, ақылмен құрылған экономика және біліктілігі жоғары жұмыс күші бар ел болады. Білім берудің дамуы еліміздің болашақ экономикалық, саяси және әлеуметтік-мәдени өркендеуі сүйенетін тұғырнамасы болуы тиіс. Қазақстан әлемдік қауымдастықта экономикалық әлеуеті мықты ел ретінде танылды. Алда осы әлеуетті барынша тиімді түрде іске қосу және экономиканың жоғары қарқынмен дамуы негізінде қалың бұқара

топтарының әл-ауқатын қамтамасыз ету міндеті тұр.

Қазақстан қазіргі уақытта білім беру, адам мен бала құқығын қорғау саласындағы негізгі халықаралық құжаттарға қатысушы ел болып табылады. Бұл Жалпыға бірдей адам құқықтары декларациясы, Бала құқықтары туралы конвенция, Адамның экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарының Халықаралық декларациясы, Еуропа аймағындағы жоғары білімге қатысты біліктілікті тану туралы Лиссабон конвенциясы, Болон декларациясы және т.б. Ел Президенті кезекті Жолдауларында білім беру сапасын көтеру мәселесіне көп көңіл бөледі. Елбасы білім беру жүйесін модернизаци-

ялау және халықаралық деңгейге көтеру мәселесін баса айтқан болатын¹.

Негізгі бөлім

Аралас оқыту – заманауи білім беру жүйесін модернизациялаудың маңызды және перспективті құралы болып отыр. Аралас оқыту кәсіби құзыреттіліктің қалыптасуына алып келетін түрлі оқыту формаларының (аудиториялық сабақ, электрондық оқыту және өз бетімен білім алу) интеграциясына негізделген. Аталған дидактикалық жүйе: мақсат, мазмұн, әдістер, оқыту формасы, оқытушы, оқушы секілді элементтерден құралады. Аралас оқытуда «оқытушы адам» немесе, оқытушы оқу үдерісінің сапасы мен нәтижесін қамтамасыз ететін негізгі бөлік (звено) болып табылады.

Оқытушы – білім беретін мамандық қана емес, тұлғаны жасаушы миссия, адамнан адамды жасау. Олай болса, педагогикалық білім берудің мақсаты үздіксіз жалпы және кәсіби тұрғыда дамытатын:

- жоғары азаматтық жауапкершілік және әлеуметтік белсенділік;
- балаларға деген мейірім, оларға жан жылуын бере алу;
- интеллекттілік, рухани мәдениет, көпшілікпен бірігіп жұмыс жасау;
- кәсібилік, ғылыми-педагогикалық ойлаудың инновациялық стилі, жаңа құндылықтарды жасауға дайын болуы;
- физикалық және психикалық жағдайы, кәсіби жұмыс істеуге қабілетті, жаңашыл типтегі мұғалімді дайындау [1, 17–20 б.].

Оқытушы өз бетімен ойлай алумен ғана шектелмей, студенттердің ой қызметін қызметін ұйымдастыруы үшін қосымша дайындықты талап етеді.

Жаңа ақпаратты беру кезіндегі оқыту, қызметті оқытумен толықтырылып, оқытушы статусы – ақпаратты берушіден менеджерге ауысады. Білімнің мазмұны өзгереді: қызмет туралы ақпарат емес,

ақпаратқа негізделген қызмет болады.

Оқытушылар мен студенттер, студенттер мен студенттер арасындағы қарым-қатынас формасы өзгереді. Дәстүрлі оқыту әдістері белсенді оқыту әдістерімен алмасады: белгілі бір мәселені талдау, рөлдік ойындар, талқылаулар, тренингтер, өзіндік және зерттеу жұмысы. Оқытудың формасы мен мазмұнының, мақсатының өзгеруі оқытушылар мен студенттер арасындағы қарым-қатынасқа барынша әсер етеді. Серіктестік қатынас басым көрініс береді.

Жоғарыда аталғандарды толығымен аралас оқытуға – оқытушының қызметі, кәсібилік және мәдениеттілік деңгейіне деген жалпы сұраныстар барлық оқыту формасына тән. Аралас оқыту – бұл компьютерлік және телекоммуникациялық технологияларға негізделген оқытудың құралдары мен түрлері, білім беру үдерісінде үздік дәстүрлі және инновациялық әдістердің рөлінің жоғарылауы, студенттердің өзіндік жұмыстарының үлесінің артуы, өз бетімен білім алу, қашықтықтан оқу секілді өзіндік таңбасын салады.

Электрондық оқыту жүйесінде оқытушы сөзіне «тьютор» термині (ағыл. *tutor* – балаға бағыт-бағдар беруші, студенттер тобының жетекшісі, тренер) бекітілді. Аралас оқыту жүйесінде осы терминді пайдаланған орынды. Жаңа терминді енгізу, аралас оқыту үдерісінің дидактикалық ерекшеліктеріне негізделген. Аралас оқытудағы оқытушының қызметі – «еңбекті бөлісу». Көп жағдайда, тьютор оқу курстары мен оқу құралдарының авторы емес, студенттерге курсты игеру барысында кеңес беру қызметін атқарады [2].

Дәстүрлі жүйеде тьютор – қашықтықтан оқытуда оқытушы-консультант ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, қашықтықтан оқыту жүйесінің профессор оқытушылар құрамында тьютор-әдіскер,

¹ ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан–2030» стратегиясы. Қазан, 1997 ж.

оқытушы немесе кеңесші-бағыт-бағдар беруші ұғымдары да кездеседі. Дегенмен, тьютор – оқу материалы мен студенттер арасындағы негізгі үйлестіруші ролінде атап айту керек. Тьютор студенттермен, сондай-ақ пән мұғалімдерімен жеке әңгімелесіп-пікірлесу, түрлі кеңестер мен тренингтер жүргізу арқылы әр студенттің неге қабілетті немесе қандай бағытта әлсіз екенін анықтайды. Әрі қарай кіммен, қай бағытта жұмыс жасау керектігін жоспарлайды. Тьютор жұмысының ерекшеліктері – ізденушілердің өзіндік жұмысын реттеу және қолдау көрсету, информациялық технологияларды, серіктестік қатынасты пайдалану. Тьютор курстың «бетке ұстары» болып табылады. Ол оқу материалын жетік меңгерген, жоғары білімді, кез келген ситуацияны шеше алатын, демек, тьютордың бойында, оқытушының, кеңес берушінің, сондай-ақ менеджердің қасиеті болуы тиіс [3].

О.В. Попованың пікірі бойынша, оқытушының педагогикалық қызметке дайындығының 3 алғы шарты бар:

1) жеке басының тұлғалық даярлығы (мотивациялық, адамгершілік-еріктік), оның мәдениеттілігі, әлеуметтік жағынан кемелдену, коммуникациялық және т.б. қасиеттері;

2) теориялық даярлығы (педагогикалық және кәсіби), кәсіби педагогиканы жетік білуі, даму психологиясын білу, зерттеу стилінің болуы және т.б.;

3) технологиялық (операциялық-жігерлілік) даярлығы, аралас оқытуда қажетті диагностикалық, ұйымдастырушы-коммуникациялық қызметтерді жүзеге асыру [4].

Олай болса, тьютор іргелі және кәсіби пәндік білімі мен дағдысы бар, педагогикалық қызметтің алгоритімі қалыптасқан, компьютерлік технологияларды білетін, педагогикалық әдеби жоғары, өзіндік ұстанымдары болуы тиіс.

Аралас оқыту жүйесінде тьютор, дәстүрлі оқыту жүйесінде болмайтын бірқатар қызметтерін атқарады. Атап айтқанда:

– оқытушы (білім беру, білік пен дағдыларын қалыптастыру);

– кеңес беруші (оқу курсы бойынша студенттерге кеңес беріп, информация ресурстарды меңгеруге көмектеседі);

– оқыту үдерісін ұйымдастырушы (студенттер ұжымын ұйымдастыру, өз жұмысын дұрыс ұйымдастыру);

– фасилитатор (оқу үдерісіне қажет қолайлы жағдай туғызу);

– шабыттандырушы (студенттердің шығармашылық қызметін белсендіріп, өз бетімен білімін жетілдіруге түрткі болады);

– жобалаушы (оқу курсының мақсаты мен мазмұнына сәйкес келетін, оқу үдерісін ұйымдастыру формаларын болжау);

Дегенмен, түрлі авторлар оқыту үдерісінің компоненттерін түрліше жіктейді. Қызметтік ықпал тұрғысынан:

– *ұйымдастырушылық* – тьютор студенттің оқу қызметін ұйымдастырады;

– *ақпараттық* – тьютор оқу курсына да ұсынылатын теорияны студенттердің меңгеруін қадағалау;

– *коммуникативтік* – тьютор оқытушылар мен студенттер арасындағы қарым-қатынасты жасайды;

– *дамытушылық* – студенттердің танымдық қызметін белсендіріп, ізденушілердің тұлға болып дамуына себептеседі [5; 6]. Осы аталған тьютордың қызмет спекторы, аралас оқыту үдерісінде студенттерді жетелеу үшін білімі мен біліктілігінің болуын қажет етеді. Тьютор ұйымдастырушылық қызметті жүзеге асыру үшін білуі қажет:

– аралас оқыту жүйесінде оқу үдерісін ұйымдастыруды (ерекшеліктері, ұстанымдары, технологиялар);

– аралас оқытуда қажет болатын информатика және АКТ негіздерін;

Істей білуі керек:

– аралас оқыту үдерісінің мүшелерінің қарым-қатынасын үйлестіру (студенттердің тьютормен, деканатпен өзара байланысын), оқу үдерісінің жоспарын, оқу-әдістемелік материалдарды білу;

– студенттік ғылыми конференцияларды ұйымдастыру;

– ағымдық және қорытынды бақылау түрлерін үйлестіру;

– аралас оқытудың жүйелік элементтерін пайдалану (электронды почта, компьютерлік конференциялар, интернеттен ақпаратты табу);

– оқу үдерісінің түрлі формаларын пайдалану (дәрістер, студенттердің өзіндік жұмыстары, консультациялар);

Ақпараттық қызметті орындау үшін білуі қажет:

– сәйкес оқу курстарының мазмұнын;

– тесттер мен бақылау материалдарына қойылатын педагогикалық талаптарын;

Істей білуі керек:

– курсты оқыту барысында уақытылы көмек беру (кеңес беруде, сұрақтарға жауап беру);

– оқу курсының материалдарын студенттердің қалай меңгергенін қадағалау;

– үй тапсырмаларын тексеру, талқылау, студенттердің білімін тексерудің схемасын жасау;

– өзінің және студенттердің оқу жұмысын рефлексиялық талдау;

– аралас оқытуда қолданатын оқу-әдістемелік материалдарды жасақтау.

Коммуникативтік қызметті жүзеге асыру үшін білуі қажет:

– қарым-қатынас психологиясын;

– педагогикалық психологияның негіздерін;

– андрагогика негіздерін.

Істей білуі керек:

– студенттерге оқу материалын неғұрлым ұғынықты етіп беру;

– қарым-қатынасты үнемі және жүйелі түрде қолдау;

– студенттің ішкі жан дүниесіне ене білу;

– өзін-өзі бағалау, студенттердің пікірімен санасу, болашақта оны есепке алу.

Дамытушылық қызметті жүзеге асыру үшін білуі қажет:

– студенттердің қабілетін, жобалау іскерлігін;

Істей білуі керек:

– студенттермен бірлесіп, ортақ жұмыс атқару;

– студенттердің танымдық белсенділігін арттыру әдістерін;

– студенттердің өзіндік жұмысқа дағдылануда зияткерлік көмек беру;

– студенттердің шығармашылық өсуіне, тұлға болып қалыптасуына ықпал ету [7].

Әрине, тьютор жұмысы тек электронды почта арқылы байланыс жасау және оқу құралдарын жасаумен шектелмеген. Талдай келе, біз тьюторға қойылатын талаптарды айқындадық:

– кәсіби және пәндік құзыреттілік (сабақ жүргізетін пәннің мазмұнын жетік мегеру, қосымша ақпарат көздері білу және т.б.);

– компьютерлік сауаттылық (электронды почтамен, интернет жүйесін қолдана білу);

– оқу үдерісі барысында түрлі оқыту формаларын пайдалана білу. Оқытушының шеберлігі, оқу үдерісін ұйымдастырудағы негізгі қозғаушы күш.

– бақылау жұмыстарын ұйымдастыра білуі (тест тапсырмаларды, жекелеп және топтық бақылау жұмыстарын даярлау);

– педагогикалық қызметтің түрлерін жүзеге асыру (диагностика, мотивация, оқу үдерісін ұйымдастыру, рефлексия, бақылау, коммуникация);

– зияткерлік қабілеттің болуы, өз бетімен іздену және білімін көтеру. Аталған талап тьютор үшін маңызды. Оқытушы студенттерді оқып-ізденуіне, ойлау қабілетін дамытуға, өздігінен іздену, шығармашылық жұмысқа жетелейді. Сондықтан, тьютор консервативті, жаңа нәрсені танып-білуге ұмтылмайтын, өзінің дүниетанымын өсіргісі келмейтін адам болса, аталған мақсатқа жете алмайды.

Қорытынды

Аралас оқытудың сапасы мен жетістікке жетуі негізінен, аралас оқу үдерісін дұрыс ұйымдастыру, оқу-әдістемелік құралдардың сапасына, оқытушылардың құзыреттілігі мен кәсіби

шеберлігіне байланысты. Сондықтан заманауи технологияларды жетік меңгерген, жаңа ақпараттық-білім беруші ортада жұмыс жасауға даяр болуы міндетті бо- инновациялық әдістерді білетін оқытушы лып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Слостенин В., Исаев И., Шиянов Е. Общая педагогика в 2-х ч. – М.: Владос, 2003. – С. 17–20.
2. Образцов П.И. Психолого-педагогические аспекты разработки и применения в вузе информационных технологий обучения. – Орел, 2000. – 145 с.
3. Щенников С.А. Особенности модели открытого дистанционного образования взрослых // Система обеспечения качества в дистанционном образовании. – Вып.3. – Жуковский: МИМ ЛИНК, 2001. – С.5–17.
4. Тихомирова Е., Береснев Д. Смешанное обучение методики и технологии для эффективной передачи знаний // [URL:http://competentum.ru](http://competentum.ru)
5. Романова К.Е. Стратегии формирования педагогического мастерства будущих преподавателей // Приволжский научный журнал. – 2009. – №1. – С. 189–194.
6. Полякова В.А. Модель формирования готовности учителя к диалоговому взаимодействию в сетевых педагогических сообществах // Современные проблемы науки и образования. – 2008. – №6.
7. Закотнова П.В. О роли тьютора в организации контроля качества знаний в системе ДО // Открытое и дистанционное образование. – 2002. – №2(6). – С. 46–48.

REFERENCES

1. Slastenin V., Isayev I., Shiyanov E. General Pedagogy in 2 parts. – M.: VLADOS, 2003. – P. 17–20.
2. Obrastsov P.I. Psychological and pedagogical aspects of the development and application of information technology in high school education. – Orel, 2000. – 145 p.
3. Schennikov S.A. Features of the model open and distance education for adults // Quality Assurance System in Distance Education. – Vol.3. – Zhukovskiy, 2001. – P. 5–17.
4. Tikhomirov E., Beresnev D. Blended Learning methodology and technology for the effective knowledge transfer // [URL:http://competentum.ru](http://competentum.ru)
5. Romanov K.E. Strategy of formation pedagogical skills of future teachers // Volga scientific journal. – 2009. – №1. – P. 189–194.
6. Polyakov V.A. The model of formation of readiness of teachers to dialogue interaction in network pedagogical community // Modern problems of science and education. – 2008. – №6.
7. Zakotnova P.V. About the role of the tutor in organization of control the quality of knowledge in the system of preschool education // Open and Distance Education. – 2002. – №2(6). – С. 46–48.

БАТАЕВА Д.С., БУЛАКБАЕВА М., ДЮСКАЛИЕВА Г.У. ПРЕПОДАВАТЕЛЬ КАК СУБЪЕКТ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА В СИСТЕМЕ СМЕШАННОГО ОБУЧЕНИЯ

В статье рассматривается смешанное обучение как один из наиболее важных и перспективных инструментов модернизации современной системы образования, приводится определение данного понятия. Успешность и качество смешанного обучения зависят от эффективной организации учебного процесса, качества учебно-методического обеспечения, педагогического руководства, компетентности и профессионализма преподавателей, работающих с технологиями смешанного обучения. Несомненно, подготовка и переподготовка преподавателей вузов, осуществляющих деятельность с использованием технологий смешанного обучения, становится важным условием эффективности обучения. Современный преподаватель должен быть готов к работе в

новой информационно-образовательной среде. Рассматриваются функции, общие требования к профессионализму и уровню культуры преподавателя согласно специфике дидактического процесса смешанного обучения.

Ключевые слова: смешанное обучение, модернизация, преподаватель, тьютор.

BATAYEVA D.S., BULAKBAYEVA M., DYUSKALIYEVA G.U. A TEACHER AS A SUBJECT OF EDUCATIONAL PROCESS IN THE SYSTEM OF MIXED EDUCATION

The article considers mixed education as one of the most important and perspective instruments of modernization of modern educational system, defines the concept of "mixed education". The success and quality of mixed education depends on the effective organization of educational process, the quality of educational and methodical support, pedagogical management, the competence and professionalism of teachers working in mixed education. Training and retraining of higher school teachers implementing the technologies of mixed education becomes an important condition of efficient teaching. A modern teacher shall be able to work in the new informational and educational environment. The authors review the functions, general requirements to professionalism and level of culture of a teacher taking into account the specifics of didactic process of mixed education.

Keywords: mixed education, modernization, teacher, tutor.

ӘОЖ 373.1.02

ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ОТБАСЫЛЫҚ ӨМІРГЕ ДАЙЫНДАУ

Р.С. ҚАСЫМОВА

п.ғ.к., Білім беру және менеджмент кафедрасының доценті

С.А. РАМАЗАНОВА

Білім беру және менеджмент кафедрасының аға оқытушысы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

e-mail: krs1958@mail.ru

Мақалада «отбасы», «неке», «отбасылық өмір» ұғымдарына авторлардың анықтамаларын қарастырып, осы терминдердің шығу тарихы, ерекшеліктері, ұстанымдары, құндылықтары мен қалыптасу жолдары және осы мәселені зерттеуші шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектеріне талдау жасалынды. Жоғары сынып оқушыларын отбасылық өмірге дайындау үшін отбасының қалыптасуы мен отбасы арасындағы қарым-қатынасқа арналған түзету жұмыстары, әдістемелік диагностикалық жұмыстар жүргізіліп, әлеуметтік-психологиялық тренингтер мен жаттығулар, әртүрлі әдіс-тәсілдер ұсынылып, құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды. Нәтижесінде отбасылық өмірге дайындықты жоғары сынып оқушыларына адамгершілік, моральдық, этикалық, экономикалық, рухани тәрбие беру мақсатында жүргізу дұрыс отбасылық өмірге дайындаудың шарты болып табылады.

Қорытындысында «отбасы», «неке», «отбасылық өмір» ұғымдарына ғылыми-теориялық талдау жасалып, жоғары сынып оқушыларын отбасылық өмірге дайындау жұмысының тиімді жолдары тәжірибелік-экспериментте анықталып, тәжірибелік-қолданбалы ұсыныстар дайындалды. Жоғары сынып оқушыларының психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне, отбасылық өмір

туралы білімдері, көзқарастары, іс-әрекет үлгілерін қалыптастыруға болатындығын айқындауға мүмкіндік беретін жолдары ұсынылды.

Кілтті сөздер: *отбасылық өмірге дайындау, отбасының түрлері, отбасылық өмір туралы білімдер, іс-әрекет үлгілері, әдістер, құндылықтар жүйесі.*

Кіріспе

Отбасы – әлеуметтік институттардың белгілерін бойына сіңірген, қоғамдық құрылымның шағын, ерекше үлгісі, сонымен қатар адамдардың өзара қарым-қатынаста болатын тұрақты тобы, қоғамның алғашқы ұясы, әлеуметтік жүйенің маңызды саласы болып табылады.

Әлеуметтік педагог жоғары сынып оқушыларын отбасылық өмірге даярлауда, ең алдымен қарапайым отбасылық қадір-қасиеттерді үйретуден бастап, отбасы өз Отанының бір бөлшегі екендігіне, сүйіспеншілікке, мейірімділікке, жауапкершілікке, түсінушілікке, қарапайымдылыққа, адалдыққа, әділдікке, шындықты сүюге, міндетті орындауға, ата-анаға құрмет көрсетуге, туыстық қарым-қатынасты бағалауға баули отырып, жамандық пен зұлымдыққа қарсы тұра білуге, немқұрайлықты жоюға тәрбиелеуі керек.

Жоғары сынып оқушыларын отбасылық өмірге даярлау барысында олардың отбасылық өмірде бақытын табу үшін оларға қандай тәжірибе беру қажеттігі мәселесі қойылады. Мамандардың пікірінше, жоғары сынып оқушылардың бойында жауапкершілікті арттыру; әке және ана болудың әлеуметтік беделін көтеру; оларға бала күтімі мен гигиенасы, мектепке дейінгі жас балалар психологиясы, балалар психологиясы, сексуалды өмірдің психогигиенасы, ерлі-зайыптылар арасындағы өзара қатынастардың негізгі проблемалары бойынша қажетті білімдерді беру; алкогольге қарсы насихаттауларды күшейту, үй шаруашылығын ұтымды жүргізу, отбасы бюджетін тиімді және үнемді ұйымдастыру бойынша мәселелерді түсіндіру аса маңызды. Жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге даярлауда :

– отбасының әлеуметтік маңызын ұғынуы;

– некелік өмірге қажет тәрбие және өзіндік тәрбие алу;

– адекватты отбасы-некелік түсініктерді қалыптастыру;

– неке және отбасы психологиясы мен социологиясы бойынша белгілі бір білімдер жиынтығын меңгеруі.

Ежелгі грек философы Платон отбасының табиғатын, мәнін анықтауда түрлі көзқарастарды ұстанды. Неке, отбасы қарым-қатынастарының сипатын анықтады. «Отбасы дегеніміз – өзгермейтін бастапқы қоғамдық ұяшық, отбасылардың бірігуі нәтижесінде мемлекет пайда болды», – деген.

Аристотель отбасын мемлекетпен тығыз байланыстырды: «Әрбір отбасы мемлекеттің бөлігін құрайды, жоғарыда көрсетілген барлық адамдар отбасының бөлігі және жеке бөліктердің адамгершілігі бүтіннің адамгершілігіне сәйкес келуі тиіс, сондықтан балалар мен әйелдерді тәрбиелеуді мемлекеттік құрылысқа үйлесімді қатынаста қою қажет; лайықты құрылысқа ұмтылатын мемлекетке бұл парықсыз болмаса, онда лайықты балалары мен әйелдері болуы керек. Мұнымен санасу керек, өйткені әйелдер халықтың жартысын құрайды, ал балалардан саяси өмірге қатысушылар өсіп шығады» - деген.

Француз ағартушысы Ж.Ж. Руссо: «Барлық қоғамдардың ішіндегі ең ежелгі әрі жалғыз табиғи қоғам – бұл отбасы. Сонымен, отбасы – бұл керек болса саяси қоғамдардың бейнесі, үкімет – әке тәрізді, халық балалары – іспеттес» – деп жазды [1]. «Отбасы адамның ойлауының, әрекеттерінің, бағалауының қалыптасуына өмір бойына елеулі әсерін тигізеді», – деп жазды М.С. Шепелева [2].

Ю.В. Сычев шағын ортаның түрлі факторларын қарастыра келе, ең маңызды

рөлді отбасына береді, «отбасы жеке тұлғаның әлеуметтік бағдар алуында басты рөл атқарады, отбасы жағдайында мақсатты педагогикалық жұмыстың ғана орасан зор мәні болып қоймай, ішкі психологиялық климат, ата-аналар мен олардың әлеуметтік нұсқалары арасындағы қатынастар сипаты, жалпы өмір сүру салты да үлкен мәнге ие болады» [3].

«Отбасылық өмір» туралы жағымды көзқарастар жастарды тұлғалық үйлесімді дамуға және өмірлік бақытты етуге жетелейді. Жас отбасының тұрақтылығы олардың неке құруға психологиялық дайындығымен ерекшеленеді. Аталмыш жүйе тұлғаның әлеуметтік-психологиялық орнығуымен және ерлі-зайыптылардың өмірге деген эмоциялық-психологиялық қарым-қатынасымен анықталады. А.А. Бодолев пен К.Бейкер неке мен отбасының тұрақты қарым-қатынасы неке құруға психологиялық дайындығымен байланысты деп көрсеткен.

Белгілі шетел ғалымы және индивидуалды психологияның негізін салушы А.Адлер некеге психологиялық дайындықтың сәтті болуы адам өмірінің стилімен және оның түптұлғасымен негізделеді деп тұжырымдайды.

Көп жағдайда жастардың өз бетінше шешім қабылдауларына іскерліктері жетіспей жатады және өмірде дұрыс бағытты таңдау кәсіби істі және пайдалы әрекетті талап етеді деп санайды. Бұл қасиеттерден айрылған адам махаббат сезімімен өзгелермен қарым-қатынас жасауға әлі дайын болмайды [4].

Жоғарыдағы айтылған пікірлер бойынша, өмірлік жар табу оңай міндет емес. Біреулерге жүз жігіттің біреуі ғана ұнаса, енді біреулерге бәрінің де бір міні бар сияқты болып көрінуі заңды құбылыс. Өмірде екі нәрседен қателеспеу керек: бірі мамандық таңдау, екіншісі жар таңдау деген қағиданы жастардың арасынан жиі естіп жүрсек те, көп жағдайда албырт сезімдер оларды көптеген адасуларға әкелетіндігі белгілі. Дегенмен, отбасылық

өмірге психологиялық дайындық барлық құбылыстардың жиынтығын біріктіретін интегралды категория:

– тұлғаның отбасылық өмірдегі жұбайы мен болашақ балаларына, жаңа жүйедегі қарым-қатынасқа дайындығы адамгершілік қасиеттерін қалыптастырумен байланысты;

– ерлі-зайыптылардың отбасылық өмірлері дұрыс қалыптасу үшін, олар өзара түсінушілік пен тұлғааралық қарым-қатынасқа психологиялық тұрғыда дайын болуы қажет;

– отбасылық өмірде бір-біріне деген эмпатиялық қабілеттері болу керек;

– эмпатиялық құбылыс адамның ішкі жан дүниесі мен рухани қасиеттерімен байланысты. Бұл құбылыстың ерекшелігі отбасылық өмір тұлғаның нәзіктік күшін күшейтіп, ерлі-зайыптылардың эмоциялық қабілетін дамытады;

– отбасылық өмірде тұлғаның мінез-құлқында жоғары мәдени эстетикалық сезімдері болады;

– отбасылық өмірде кездесетін тұлғалық шиеленістерді конструктивті іскерлік арқылы шешу;

– ерлі-зайыптылардың тұлғааралық қарым-қатынастарын дамыту.

Тәуелсіз, егеменді жас еліміз үшін бүгінгі өзгермелі, даму үстіндегі әлеуметтік жағдайында әлеуметтік педагог жоғары сынып оқушыларын отбасылық өмірге даярлауда отандық және шетелдік тәжірибелерге сүйену болашақ отбасы иесін даярлауға тиімді ықпал етеді [5].

Зерттеу әдістері

Жоғары сынып оқушыларын болашақ әке, ана яғни, әлеуметтік рөлдерді дұрыс орындаулары үшін, өздерінің этномәдени, рухани құндылықтарын салт-дәстүр, әдет-ғұрып, тыйым сөздер, бата-тілек, киелі сандар, ым-ишара т.с.с. тектіліктің маңызын түсіндіре білсек, жоғары сынып оқушыларын отбасылық өмірге даярлау жұмысында олардың отбасы өміріне бейімділігін дамытуға арналған отбасы қалыптасуы мен отбасы арасындағы қарым-қатынасқа арналған түзету


жұмыстарын ұйымдастыру маңызды болып табылады.

Біздің тәжірибелік-педагогикалық зерттеулерімізде жоғары сынып оқушыларын отбасылық өмірге дайындау мақсатында бірнеше тренингтік жаттығулар жүргізілді. Мысалы, «Отбасы мүсіні», «Отбасын ойнайық», «Отбасы суреті», «Отбасының келісім шарты», «Менің отбасым қазір және болашақта», «Отбасылық бюджет», «Отбасының шаруашылығы» жаттығулары мен «Өзін-өзі бағалау» әдісі т.с.с.

Нәтижесінде: Бұл жаттығуларды жо-

ғары сынып оқушылары белсенді, әрі қызығушылықпен орындады. Оқушылар ұлттық құндылықтарды жоғары бағалап, болашаққа жарқын да жемісті жоспар құра алды.

Жоғары сынып оқушыларымен жоғарыда аталған тренингтер мен жаттығуларды орындағаннан кейін, сауалнама жүргіздік. Сауалнама нәтижесі бойынша бақылау тобына қарағанда эксперимент тобында жаттығулар мен тренингтердің оң септігін тигізгенін анықтадық. Зерттеу жұмысы бойынша мазмұндық-құрылымдық модель жасалды (1-сурет).



1-сурет – Жоғары сынып оқушыларын отбасылық өмірге дайындаудың мазмұндық-құрылымдық моделі

Қорытынды

Зерттеу жұмысымыздың нәтижелеріне сүйене отырып, төмендегідей ұсыныстар жасадық:

1. Философиялық, тарихи-әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық әдебиеттерді зерттеу отбасылық өмірге даярлаудың бүгінгі қоғам өміріндегі көкейкесті мәселесін шешуде маңызды екендігін көрсетті. «Отбасылық өмірге дайындау» ұғымы отбасы мен неке, оның дамуы, отбасы мен неке құру ерекшеліктері,

отбасы түрлерінің жіктелуі, қызметі, некенің түрлері, неке және махаббат, неке және құқық, сыйластық қарым-қатынастар, дәстүрлі қарым-қатынастар түсініктерімен айқындалды;

2. Жоғары сынып оқушыларының психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне жасаған талдауда, отбасылық өмір туралы білімдері, көзқарастары, іс-әрекет үлгі-лерін қалыптастыруға болатындығын айқындауға мүмкіндік берді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Баймұқанова М.Т. Отбасымен әлеуметтік педагогикалық жұмыс: оқу құралы. Астана «Парасат Әлемі» баспасы, 2005.

2. Общественная среда и личность: некоторые тенденции формирования личности в развитом социалистическом обществе / Сб. науч. ст. под. ред. М.С. Шепелевой. – М.: Издательское объединение «Виша школа», 1991.

3. Сычев Ю.В. Микросреда и личность / Философские и социологические аспекты. – М.: Мысль, 1974.

4. Адлер А. Практика и теория индивидуальной психологии. – М., 1990. – С.198.

5. Жаназарова З.Ж. Современная семья в Казахстане и ее проблемы. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – С.257.

REFERENCES

1. Baymukanova M.T. Social and pedagogical work from families: Manual. – Astana, «Parasat Alemi» publishing house, 2005.

2. Public environment and personality: some tendencies of formation of the personality in the developed socialist society / the Collection of scientific articles under. an edition of M.S. Shepeleva – M.: Publishing association “Visha School”, 1991.

3. Sychev Yu.V. Micro environment and personality / Philosophical and sociological aspects. – M.: Thought, 1974.

4. Adler A. Practice and theory of individual psychology. – M., 1990. – P. 198.

5. Zhanazarova Z.Zh. A modern family in Kazakhstan and its problems. – Almaty: Kazakh university, 2004. – P. 257.

КАСЫМОВА Р.С., РАМАЗАНОВА С.А. ПОДГОТОВКА ШКОЛЬНИКОВ СТАРШИХ КЛАССОВ К СЕМЕЙНОЙ ЖИЗНИ

В статье рассматриваются определения авторов таких понятий как «семья», «брак», «семейная жизнь». Истории, особенности, принципы, ценности и пути формирования этих терминов анализируются вместе с трудами зарубежных и отечественных ученых. Для подготовки школьников старших классов к семейной жизни проведены коррекционные и методико-диагностические работы для формирования семьи и межсемейных отношений; рекомендованы социально-психологические тренинги и упражнения, различные методы; разработана структурно-содержательная модель. В результате подготовки школьников старших классов к семейной жизни было выявлено, что нравствен-

ное, моральное, этическое, экономическое, духовное воспитание является условием подготовки к правильной семейной жизни.

В заключении дан научно-теоретический анализ понятиям «семья», «брак», «семейная жизнь». В ходе опытно-экспериментальных работ определены успешные пути и были подготовлены опытно-прикладные рекомендации по подготовке школьников старших классов к семейной жизни. Представлен путь, который дает возможность определить формирование психолого-педагогические особенностей и возможности школьников старших классов; знания, взгляды на семейную жизнь и образцы деятельности.

Ключевые слова: семейная жизнь, подготовка к семейной жизни, виды семей, знания о семейной жизни, образцы деятельности, методы, система ценностей.

KASYMOVA R.S., RAMAZANOVA S.A. PREPARATION OF SENIOR SCHOOL STUDENTS FOR FUTURE FAMILY LIFE

The authors definesuch concepts as «family», «marriage», «family life», and provide stories, review the features, principles, values, and ways of formation of these terms, as well as analyze the foreign and domestic scientific literature. To prepare senior school students for family life, the correctional and methodical-diagnostic work was carried out for the formation of a family and the interfamily relations; social and psychological trainings and exercises, various methods were designed; the structural and substantial model was developed. As a result it was revealed that the moral, ethical, economic, spiritual education is a prerequisite for proper preparation for family life.

The conducted experiments allowed defining successful ways and preparing recommendations on preparation of senior school students for family life. The authors present the way to define the formation of psychological and pedagogical features and possibilities of senior school students, their knowledge, views on family life and models of activity.

Keywords: family life, preparation for family life, types of families, knowledge of family life, models of activity, methods, system of values.

УДК 373.1.02

ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ И ФОРМИРОВАНИЯ СЕМЕЙНЫХ ЦЕННОСТЕЙ В ПОДРОСТКОВОМ ВОЗРАСТЕ

Ж.К. АКСАКАЛОВА

к.психол.н.

старший преподаватель кафедры психолого-педагогических специальностей

Казахский национальный педагогический университет им. Абая

e-mail: janna13.12@mail.ru

Статья посвящена актуальной на сегодняшний день проблеме подготовки подростков к будущей семейной жизни. В данной статье обоснована идея о том, что формирование ценностных ориентаций, а именно семейных ценностей наиболее интенсивно происходит в подростковом и юношеском возрасте. Для того, чтобы в будущем подросток мог построить гармоничные взаимоотношения в своей семейной жизни именно семейные ценности должны преобладать. В статье приведен анализ взглядов исследователей на проблему ценностей, как российских, так и казахстанских ученых. Проанализированы исследования, рассматривающие взаимосвязь мотивационно-потребностной сферы и ценностных ориентаций. Автор прослеживает

взаимосвязь между особенностями присвоения личностью социальных ценностей в процессе ее социализации и одним из институтов социализации, где формируются семейные ценности – семьей.

Ключевые слова: семья, личность, ценностные ориентации, семейные ценности.

Введение

Актуальность исследований в области семейно-брачных отношений продиктована необходимостью эффективного функционирования семьи как института воспроизводства, воспитания и социализации подрастающего поколения, подготовки молодежи к будущей семейной жизни, ответственному родительству. Интересным и важным является рассмотрение семьи с точки зрения ее становления, развития и формирования, как одной из социальных групп, обеспечивающих гармоничное развитие личности и удовлетворяющих потребность в личном счастье.

В современном браке и системе семейных отношений неизменно возросла чувственно-эмоциональная сторона супружеских отношений, что требует более глубокого изучения аспектов выбора партнера, супружеской совместимости и всех сфер жизнедеятельности семьи.

Основная часть

По мнению Людвиг фон Берталанфи, «семья не есть простая сумма членов этой семьи это, прежде всего, определенная сеть взаимоотношений между всеми членами семьи. Для того чтобы понять состояние семьи необходимо нечто большее, чем простой анализ состояния каждого отдельного члена семьи. Для этого необходимо проанализировать всю семейную систему как целое».

Мыслители Ближнего Востока и Средней Азии также уделяли большое внимание проблеме семейного воспитания. Например, анализ наследия Ибн Сины (Авиценны), Бируни, Джами, Хорезми, Дехлеви, Хайяма, Навои, Фараби, Саади и других просветителей показывает, что их идеи о воспитании в частности тесно перекликается с идеями и мыслями, выраженными в памятниках народной педагогики: в поговорках, пословицах, сказках,

преданиях. Более того, некоторые предания народ непосредственно связывает с поступками, жизнью и деятельностью великих людей [1].

Таким образом, эти ученые выражали общие идеи гуманизма, подчеркивали необходимость привития молодому поколению высоких нравственных качеств, семейных ценностей, воспитания их в духе любви к труду, уважения к старшим, дружбы и товарищества, правдивости и честности. Прогрессивные демократические идеи великих ученых и поэтов перекликаются по форме и содержанию с идеями народной мудрости, поэтому они оказывали большое влияние на формирование педагогической культуры народов Средней Азии и Казахстана, которые сохраняют свою актуальность и до наших дней.

Следовательно, народная мудрость о воспитании молодого поколения является выражением многовековой педагогической культуры и опытом семейного воспитания народа.

Предъявляя повышенные требования к личности подрастающего поколения современное общество нуждается в опережающем прогнозе влияния семьи на поведение человека в условиях социального взаимодействия, происходящего внутри семейной группы. В данном контексте, ценностная сфера личности становится определяющим фактором взаимодействия молодого человека с субъектным миром.

В современной психологической науке отмечается недостаточность психологических исследований по проблеме формирования ценностей семейной жизни у будущих супругов. В связи с этим нам видится необходимым определение психологической сущности и структуры, и факторов, влияющих на развитие семейной ценности в современных условиях через социальное взаимодействие.

В последнее время усилились негативные тенденции, предъявляющие повышенные требования к самоопределению, стабильности личности, а также провоцирующие ее девиантное поведение, аномалии развития, а нередко деградацию и саморазрушение. Наиболее интенсивно и многообразно эти явления проявляются в подростковой среде. В настоящее время именно в этом возрасте наблюдается относительный пик данных расстройств, определяемый прежде всего, снижением значимости для многих подростков такой ценности как семья. Нездоровый образ жизни, размывание ценностных ориентиров, а впоследствии и потеря смыслов жизни, являются тем фоном, на котором продолжают распространяться наркомания и алкоголизм, все более широкое распространение получают отступления от общечеловеческих норм и правил поведения, глубоко опустошающие и разрушающие духовный мир подростка.

В этом аспекте саморазрушающее поведение в подростковом возрасте должно быть рассмотрено не только и не столько как нанесение физического ущерба организму, сколько как нарушение развития личности, трудновосполнимые утраты духовности, нравственности, ценности, потери смысла жизни, приводящие, в конечном счете, к дисфункции личности и невозможности созданию нормальной, полноценной семейной жизни.

В современной психологии по вопросу содержания общечеловеческих ценностей нет единой точки зрения. А.Ф. Лазурский, В.Н. Мясичев и С.Л. Рубинштейн рассматривают ценностные ориентации в системе отношений. При анализе психологических механизмов регуляции поведения, с точки зрения теории отношений, ценностные ориентации выступают как конкретные проявления отношений личности к окружающей среде. Ценностные ориентации – это наиболее обобщенные и иерархически организованные отношения личности к ценностям той культуры, в которой формировалась данная личность [2;

Аталмыш мамандықты тәмамдаған түлектерге «Органикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығы бойынша «техника және технология бакалавры» академиялық дәрежесі беріледі. Түлектер органикалық заттарды өндіру, мұнай, газ, көмір және полимерлерді, эластомерлерді, лак-бояу материалдарын, оқ-дәрі, дәрі-дәрмек, қатты және сұйық ракета отындарын өңдеу кәсіпорындарында; көмірсутекті шикізаттарды алу, дайындау мен тасымалдау және оларды тиімді пайдалану кәсіпорындарында; ғылыми-зерттеу жобалау салалық институттарында; қорғаныс мекемелерінде жұмыс істей алады. Ғылыми-зерттеу институттарының, конструкторлық және жобалау мекемелерінде бірінші дәрежелі техник, кіші ғылыми қызметкер, инженер-лаборант, инженер лауазымдарын атқара алады.

Аталған мамандықтың типтік бағдарламасы бойынша базалық пәндердің міндетті компонентінің бірі «Органикалық химия» пәні. Мамандықтың атына сәйкес бұл пән кейін оқылатын кәсіптік пәндердің пререквизиті, яғни алдағы пәндерді игеру тиімділігі студенттердің органикалық химияны қаншалықты терең игергеніне байланысты. Сондықтан аталған салаларда құзыретті мамандар дайындауда органикалық химия пәнін

оқыту барысында заманауи интерактивті әдістер қолдану өзекті мәселелердің бірі.

Негізгі бөлім

Кредиттік оқыту технологиясының міндеті – студенттердің өзін-өзі ұйымдастыру және өзіндік білім алу қабілеттерін дамыту. Студенттердің өзіндік жұмысы – болашақ мамандарды даярлаудың аса маңызды жолдарының бірі, жас тұлғаны жан-жақты жетілдіріп, қалыптастырудың міндетті шарты және құралы болып табылады.

Өзіндік жұмыс екі түрге бөлінеді: оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін студенттің өзіндік жұмысы (ОСӨЖ) және студенттің толығымен өзі орындайтын жұмысы (СӨЖ).

ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында оқытушының студенттермен жұмысының (ОСЖ) негізгі 3 үлгілік циклдері белгіленген². Оқытушының бірінші функциясы – бағыттаушы-бағдарлаушылық. Оған оқытушы оқылатын пәннің тиісті тақырыбына кіріспе жасап, оның мақсаты мен міндеттерін, практикалық тиімділігін, материал мазмұнының негізгі бөлімдерінің мәні мен өзара байланысын сипаттап, қажетті оқулықтар мен оқу құралдары жөнінде беретін ұсынымдар жатады. Бұл мәліметтер студенттің алдағы өзіндік жұмысына бастапқы жетекшілік береді. Оқытушының екінші функциясы – консультативтік-түзетушілік, яғни берілген тапсырмаларға сай консультативтік көмек беру, жеке консультация жүргізу және тиісті түзету жұмыстарын жүзеге асыру. Оқытушының келесі маңызды функциясы – бақылаушылық-бағалаушылық. Бұл кезде студенттердің білімін, шеберлігі мен дағдысын әртүрлі әдістермен бағалап, түсінбеген сұрақтарын талдау қажет.

¹Қазақстан жолы–2050: бір мезгілде, бір мүдде, бір болашақ. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – Алматы: Юрист, 2014. – 5 б.

²ҚР мемлекеттік Жалпыға міндетті білім беру стандарты. Негізгі ережелері. Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 бұйрығымен бекітілген

ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында (МЖМБС) өтілетін пән бойынша оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін студенттің өзіндік жұмысының да (ОСӨЖ) бірнеше функциясы белгіленген. Бірінші функцияға қатысты кезекті тақырыпқа сай бағыттау-бағдарлау сабақтары барысында берілген ақпаратты студенттердің белсенді қабылдауы оқытушы қатысымен орындалады. Одан әрі оқытушы студенттерге ұсынылған оқу-әдістемелік құралдарды, әдебиеттерді өздігінен оқып, үй тапсырмаларын, бақылау сұрақтарын орындауын қадағалайды. Бұл кезеңде студенттерден жұмыс істеудің әдіс-тәсілдерін білу, қиындықтарды анықтау, өзін-өзі ұйымдастыру және өзіндік тәртіп талап етіледі.

Студенттердің келесі функциялары – өздерінде қиындық тудырған жағдайларды талдау мен жүйелеу, оқу материалын түсіну мен меңгерудегі қиындықтар себебін анықтау, басқа оқу әрекеттерін орындау. Студенттер химиялық реакцияларды жазу, олардың механизмін талдау немесе реакцияның жүру жағдайларын және т.б. түсінбей қалған жағдайда туындаған қиыншылықтарды шешу мақсатында өз жауаптарының нұсқаларын дайындап, оқытушының көмегіне сүйенеді. Соған орай оқытушы студенттермен сұхбаттасып, оларға түсініктеме, ақыл-кеңес, консультация береді.

Студенттің өзіндік жұмысы аудиториялық сабақ барысында – лекция және лабораториялық сабақтарында; аудиториялық ОСӨЖ кезінде – әртүрлі сұрақтар бойынша кеңес беру, жеке тапсырмаларды орындау, тақырыптар бойынша тапсырылған сұрақтарға жауап беру арқылы; аудиториядан тыс оқырман залында, үйде, жатақханада және т.б. жерлерде оқу-шығармашылық тапсырмаларды орындау барысында іске асуы мүмкін.

5B072100–«Органикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығының

типтік оқу жоспарлары бойынша органикалық химия пәніне 6 кредит бөлінген. Яғни әрқайсысы 3 кредиттен болатын екі семестрге 2 кредиттен лекция, 1 кредиттен зертханалық сабақтар қарастырылған. ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының негізгі ережелеріне сәйкес студенттің аудиториялық жұмысының академиялық сағаттары тиісті СӨЖ сағаттарының санымен толықтырылады, осылайша бір кредитке студенттің семестр бойы академиялық кезеңінің бір аптасындағы жиынтық оқу жүктемесі 3 сағатқа тең болады. Дәріс пен практикалық (семинар), зертханалық сабақтары кезіндегі студенттің оқытушымен әр байланыс сағаты 2 сағат СӨЖ-бен қамтамасыз етіледі. Демек, органикалық химия пәніне студент жұмасына 9 сағат, ал күніне орташа алғанда 1,5 сағат болуы керек. Стандартқа сай студенттің органикалық химиядан оқытушымен байланыс уақыты (дәріс, зертханалық сабақтарды және ОСӨЖ қосқанда) жұмасына 4 сағатқа тең, қалған 5 сағаты оның өздігімен оқуына арналған. Сырттай қарағанда жеткілікті уақыт. Екінші жағынан, кем дегенде теориялық оқудың 129 кредитін меңгеруге негізделген жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламасына сәйкес студенттің өзіндік оқу бағдарламасы бойынша бір семестрде орташа алғанда 18 кредит, соған орай МЖМБС бойынша студенттерді қорытынды аттестаттауды аптамен жоспарлау 54 сағатқа тең, ал студенттің апта бойғы жұмысының нормативті уақыты 6 күндік жұмыс аптасы кезінде СӨЖ қоса есептегенде күніне 9 сағат. Қандай зерек студент болса да күніне тек сабаққа 9 академиялық (7,5 астрономиялық) сағат бөлуге мүмкіндігі бола берер ме екен. Яғни барлық пәндердің талаптарын уақтылы орындау студентке қиындау соғатыны сөзсіз. Қорытынды аттестаттауға 1 кредит, яғни 2 апта беріледі, сол мезгілде студент кем дегенде 6 сабақтан емтихан тапсы-

руы тиіс, демек барлық пән сұрақтарын толық қайталап шығуға студенттің уақыты жетпеуі де мүмкін. Аталған деректерден шығатын қорытынды, әр пәннен жеткілікті құзы-реттілікке жетудің бірден-бір жолы оқытушының оқу процесін академиялық семестр бойы ұтымды ұйымдастырып, пән материалдарын игеру деңгейін уақытылы қадағалау қажет.

Органикалық химиядан қазақ тілінде жарық көрген оқулықтар мен оқу құралдарынан тапшылық жоқ. Пәннің оқу әдістемелік кешені әр студентке қол жетімді. Онда қысқаша дәріс конспектісі, зертханалық жұмыстардың әдістемелік нұсқалары, СӨЖ сұрақтары мен орындау тәртіптері толық берілген.

Заманымызға сай жоғары сапалы білімді қамтамасыз ету және жоғары білікті мамандарды дайындау міндеттерін орындау үшін оқытушы алдымен дәріс сабақтарын студенттердің өзіндік жұмыстарымен ұштастырып ұтымды өткізуі тиіс. Жоғары оқу орындарында сабақ өткізудің әдістемелік жолдары көптеген басылымдар мен оқулықтарда талданған [1-2]. Қажетті педагогикалық әдістерді қолдана тұрып біз органикалық химиядан дәріс өткізу жолына ыңғайлы деген қосымшалар енгіздік. СӨЖ ретінде студенттер үйде келесі дәріс тақырыбымен танысып, пәннің оқу-әдістемелік кешенінен тірек конспектісін міндетті түрде жазып алып, соған қатысты қарапайым 5 сұрақ дайындап келеді. Бұндай өзіндік жұмысына студент үлесті рейтинг балын алады. Енді кіріспе лекцияда курстың мақсаты, пән жүйесіндегі рөлі мен орнымен таныстырылады. Бұнда осы тақырыпқа қатысты ғылыми проблемалар қойылып, гипотезалар алға шығарылады. Тақырыпты ашу кезінде индуктивті әдіс бойынша жалпы жағдайлар түсіндіріліп, ары қарай нақты мысалдар келтіріледі. Дәріс конспектісі қолдарында болғандықтан студенттер оны жазып отыруға уақыт кетірмейді, есесіне интерактивті тақтада көрсетілетін

басқа қосымша мәліметтерді қарастырып, жаңа теориялық материалдар мен соған қатысты нақты реакцияларды жазып алып, проблемалық тапсырмалар түрінде талдауға мүмкіндік алады. Әрбір жаңа мәліметті түсіндірер алдында студенттерге әртүрлі сұрақтар қойылып, олардың ойлану қабілеті белсендендіріледі. Материал сұрақтарын **кейс-стади әдісімен** сұрақ-жауап түрінде топпен талдау лектордың аудиториямен көркемөнерлік қарым-қатынасын, эмоционалдық әсерін арттырып, **студенттердің** өз бетінше ойлау қабілетін және шешім қабылдау дағдыларын көрсетуге, ойын бүкпей еркін сұхбаттасуға мүмкіндік береді. Негізінен тақырып студенттерге таныс болғандықтан пән мазмұнына танымдық қызығу, кәсіби мотивация, корпоративтілік қамтылады. Дәріс кезінде алдын ала жоспарланған қателер ойластырылады. Бұл әдіс студенттердің зейінін белсендендіріп, олардың ойлау әрекеттерін дамытады. Студент эксперт ролінде сезініп, өзіне деген сенімі артады. Дәріс мұндай интерактивті түрде өткенде оқытушы студенттердің жаңа материалды қалай түсінгенін сырттай бағалай алады. Белсенді студенттер сабақ кезінде де рейтингілік балл үлесін ала алады. Ал пассивті оқушы бірден көзге түседі де, оларға қосымша көңіл бөлінеді. Дәріс мұндай қарқынды түрде өткенде 100 академиялық сағат жаңа тақырыпты талдауға толығымен жетеді де, соңында келесі тақырыпқа қысқаша сипаттама беріліп, студенттердің келесі өзіндік жұмыстарына түсініктеме беруге уақыт үнемделеді. Оған қоса үйге міндетті түрде өткен өзара қатысты бірнеше тақырыпқа белгілі ретпен 10-15 күрделенген сұрақтар дайындап келуге тапсырма беріледі. Мұндай тапсырма студенттерді сұрақтар дайындау үшін барлық материалды қайталап, өзінше сараптауға итермелейді. Аудиториялық ОСӨЖ кезінде бұл сұрақтар өз сұрағы өзіне келмейтіндей етіп студенттерге жауап беруге таратылады. Жеңіл сұрақтар

басқа дайын сұрақтармен алмастырылады. Дайындаған сұрақтарының сапасына және алған сұрақтарға жауабына қарай әрқайсысы тағы да балл алады. Сөйтіп студенттер өткен сабақтарды өздігінен пысықтап, рейтинг балдарын жинақтай алады. Сонда семестр бойы рейтингісі уақтылы бағалануы үшін студент сабақтан қалмауы керек. Бұл әдіс әсіресе оқытушы тек лекцияны өткізіп, зертханалық сабақтар басқа оқытушыға жүктелгенде оның СӨЖ жұмыстарын тиімді өткізуіне жағдай туғызады.

Қорытынды

Мақалада өзін-өзі жетілдіруге, инновациялық іс-әрекетті игеруге бейім шығармашыл маманды қалыптастыру мақсатында жоғары сапалы білім беру жолдары қарастырылған. Студентті дайын білімді тұтынушы ретінде емес, қалыптасқан мәселе бойынша талдау жасай алатын, оңтайлы шешім қабылдайтын және өз тандауының дұрыстығын дәлелдей алатын құзыретті маман күйіне жеткізу үшін оқу процесін ұтымды ұйымдастыра білу керек.

Органикалық химияны өздігінен игергенде қарастырылатын материал-

дардың аса үлкен көлемінен, көптеген жаңа түсініктерді игеру қажеттігінен, органикалық қосылыстар номенклатурасының ерекшеліктерінен және бір тараудың екінші тараумен тығыз байланыстығынан туындайтын елеулі қиындықтар кездеседі. Сондықтан органикалық химия курсы игеру жүйелілікпен нақты бірізділікті талап етеді. Сабақ барысында келесі тарауға көшерде алдыңғы тарау қалай игерілгенін ескеріп тұру қажет. Студентжай ережелерді, есепсіз көп константаларды, нақты формулаларды тек жаттап жатпай, әрбір химиялық түрлену реакцияларының физикалық мәнін, механизмін, олардың арасындағы генетикалық байланыстарды жете түсініп, алған түсініктерін берілген тапсырмаларды орындауға қолдана білу керек. Мұндай құзыреттілікке жетуде СӨЖ органикалық химияны оқытып, жаттықтырудың маңызды нысаны ғана емес, оның негізі болуы тиіс. Сондықтан мақалада СӨЖ-н ұтымды ұйымдастыруда студенттің де, өзінің де уақытын үнемдеу мақсатында интерактивті оқудың тиімділігі қарастырылған.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Дүйсенбікова Р.Қ. Кәсіби педагогика: оқулық. – Алматы, 2012.–348 бет
- 2.Шумейко Т.С. Компетентностный подход как методологическая основа образовательных программ (на примере программы стажировки в университете Валенсии) // Вестник Академии Педагогических Наук Казахстана. – 2014. – №3. – С.31–38.

REFERENCES

1. Duysenbykova R.K. Specialized pedagogy (book)– Almaty; 2012.–348 page
- 2 Shumeyko T.S. competency approach as a methodological bases of educational programs (on the example of internship program at the university of Valencia)// Bulletin of academy of pedagogical science of Kazakhstan. – 2014. – №3.– P.31–38.

ЧУГУНОВА Н.И., ЕЛИГБАЕВА Г.Ж., МЫРЗАЛИЕВА С.К. НЕКОТОРЫЕ ИНТЕРАКТИВНЫЕ СПОСОБЫ ОРГАНИЗАЦИИ СРС ПО ДИСЦИПЛИНЕ ОРГАНИЧЕСКАЯ ХИМИЯ ДЛЯ ОБУЧЕНИЯ БУДУЩИХ КОМПЕТЕНТНЫХ СПЕЦИАЛИСТОВ

В статье рассмотрены способы применения некоторых современных интерактивных методов при обучении дисциплины «Органическая химия», которая является

обязательным компонентом типового учебного плана специальности 5B072100 – «Химическая технология органических веществ». В связи с присоединением Республики Казахстан к Болонскому процессу во всех высших учебных заведениях страны обучение осуществляется по кредитной системе.

По новому европейскому процессу количество аудиторных занятий уменьшается, и студентам приходится многое усваивать самостоятельно. Такой способ обучения развивает способность у студентов организовывать себя и самостоятельно обучаться, они, понимая собственную ответственность к знанию, приучаются делать выводы самостоятельно, что способствует формированию им будущей профессиональной компетентности. В связи с этим перед педагогами стоит важная задача – уметь эффективно организовать самостоятельную работу студентов. Авторы предлагают некоторые пути своевременного освоения материала дисциплины. Для выполнения задачи подготовки высококвалифицированных специалистов преподаватель в первую очередь должен эффективно проводить лекционные занятия с применением интерактивных методов, умело сочетая отведенное время с самостоятельной работой студентов.

Ключевые слова: кредитная система обучения, компетентность, интерактивные методы, самостоятельная работа студентов, органическая химия.

CHUGUNOVA N.I. ELIGBAEVA G.ZH., MYRZALIEVA S.K. SOME INTERACTIVE WAYS OF INDEPENDENT WORK OF STUDENTS IN ORGANIC CHEMISTRY FOR TRAINING FUTURE COMPETENT EXPERTS

The article analyzes the application of some modern interactive methods in teaching Organic Chemistry which is an obligatory component of the standard curriculum in 5B072100 “Applied Organic Chemistry”. As the Republic of Kazakhstan has joined the Bologna process, all national higher educational institutions use the credit system of education.

According to the new European system, the number of classroom lessons decreases, and students should learn a lot of things independently. Such way of training develops the ability of students to organize themselves and learn independently, they understand their own responsibility for knowledge, get accustomed to make independent conclusions what promotes the formation of future professional competence. In this regard, the teachers face an important task – to be able to effectively organize independent work of students. The authors propose some ways of learning the discipline. To train highly qualified specialists, the teacher first has to give lecture effectively using interactive methods, skillfully combining the allotted time with the independent work of students.

Keywords: credit system of education, competence, interactive methods, independent work of students, Organic Chemistry.

УДК 373.1.02:372.8

**ФОРМИРОВАНИЕ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ ГРАМОТНОСТИ
ШКОЛЬНИКОВ ПРИ ОБУЧЕНИИ МАТЕМАТИКЕ****¹Г.Р. КОЩАНОВА**к.п.н., доцент,
заведующая кафедрой «Естественно-научные дисциплины»**²В.А. МАМАЕВА**

магистр, преподаватель

¹Каспийский государственный
университет технологии и инжиниринга им. Ш.Есенова
² КазНУ им. Аль-Фараби
e-mail: koshanova.k@mail.ru

В статье рассматривается вопрос использования на уроках математики задач с экономическим содержанием. Такие задачи позволяют ввести в школьный курс математики базовые экономические понятия, тем самым повышая экономическую грамотность школьников и подготовить их к решению практических задач, возникающих в повседневной жизни человека. Перед средней школой во всей полноте встала проблема подготовки каждого молодого человека к жизни и активному труду на благо общества, задача обеспечения более высокого уровня социальной зрелости выпускников, формирования творческой личности. Современное состояние вопроса об интеграции математических и экономических знаний в процессе изучения школьного курса математики тесно связано с общими представлениями о соотношении математики и реального мира.

Таким образом, одновременно повышается мотивация к изучению математических моделей за счет демонстрации реальной пользы от математического образования, и формируются компетентности, необходимые для полноценной жизни в современном обществе.

Ключевые слова: школьное математическое образование, экономическая грамотность, информационная культура.

Введение

Общее образование – это единственный обязательный и важнейший компонент всей системы образования, от качества которого во многом зависит как локальная успешность вхождения человека во взрослую жизнь, так и глобальная эффективность функционирования социальных институтов страны. Государственные образовательные стандарты (ГОС) существенно расширяют представления о факторах развития ребенка и востребованных обществом результатах деятельности общеобразовательных

учреждений. Развивая парадигму диверсификации системы общего среднего образования, ГОС нормативно закрепляют понятие индивидуальной образовательной траектории и ориентируют школу на расширение спектра учебных предметов (курсов) как необходимого условия личностного роста обучающихся и повышения уровня их информированности и компетентности в различных областях современной жизни.

Основная часть

На сегодняшний день экономическое образование – это одно из наиболее популярных направлений

профессионального образования. Знания в области экономики, менеджмента и предпринимательства необходимы в самых разных областях человеческой деятельности, для формирования человека, способного не только быть достойным гражданином своей страны, но и быть успешным в современном глобальном сообществе.

Начальное экономическое образование школьники получают на уроках обществознания. Однако многими исследованиями убедительно показано, что элементы экономики также может имплантировать в себя школьное математическое образование [1, 2]. При этом математическая и экономическая составляющие курса должны взаимно дополнять одна другую, с одной стороны, демонстрируя учащимся фундаментальность и математическое содержание экономических понятий, с другой – показывая полезность разнообразных математических моделей в плане познания экономических явлений.

Следует отметить, что даже самая простая экономическая задача потенциально содержит мотивацию к исследованию многих математических моделей. Рассмотрим в качестве примера конкретную и очень распространенную задачу о начислении процентов. Предположим, что мы положили сумму S_0 в некоторый банк на 1 год под 100% годовых с начислением и капитализацией процентов через равные промежутки времени. Последовательное рассмотрение различных временных промежутков приводит сначала к идее вычисления n -го члена последовательности $(1 + 1/n)^n$:

– если начисление процентов происходит раз в полгода, то за первое полугодие сумма вклада увеличится наполовину, а за год – еще раз наполовину, т.е. в $(1 + 1/2)^2$ раз;

– если начислять проценты раз в квартал, то нетрудно увидеть, что к концу года сумма вклада возрастет несколько больше – в $(1 + 1/4)^4$ раз, и т.д.

Дальнейшие рассуждения в том же направлении приводят к идее нахождения предела бесконечной последовательности $\lim(1 + 1/n)^n$. Проведя ряд числовых экспериментов, школьники могут «заподозрить неладное» – оказывается, как бы часто в течение года мы не начисляли проценты за $1/n$ часть года, при данной процентной ставке вклад «очень сильно» увеличиться не может. И следующим шагом будет знакомство с числом Эйлера: $\lim(1 + 1/n)^n = e$.

Однако не следует забывать, что рассмотрен только лишь частный случай – процентная ставка составляет 100% годовых. А что будет при другой процентной ставке? Разумеется, рассмотрение этих вопросов выходит достаточно далеко за рамки школьной программы, однако именно в такой неопределенности, в «знании о своем незнании» заключены интерес к научному знанию, потребность в познавательной деятельности, готовность к продолжению экономического и углублению математического образования.

Вместе с тем было бы слишком формально сводить экономическое образование школьников только лишь к построению и исследованию математических моделей. Согласно концепции школьного математического образования, этот учебный предмет помимо образовательной функции призван реализовывать воспитательный потенциал науки математики. Осознание реального сосуществования в методической системе обучения математике различных функций позволяет рассматривать школьное математическое образование, как с точки зрения конкретной математической подготовки, так и в ракурсе приобщения человека к математической культуре как к части общезначимой культуры человечества. В первом случае говорят о собственно математическом образовании, во втором имеют в виду образование с помощью математики [3].

Между тем, на уроках математики эти две функции можно и нужно совмещать. Так, например, уже в пятом классе школьники достаточно подготовлены математически и имеют достаточный собственный социальный опыт для того, чтобы освоить первоначальные представления о сути экономики. Приведем один пример. Методисты часто советуют, а учителя и сами часто практикуют применение техники оригами для формирования геометрических представлений школьников. При изготовлении бумажных фигурок активно используется геометрический словарь, выполняются действия по преобразованию геометрических фигур. При этом полученный результат можно рассматривать не только как продукт математической деятельности, но и как некоторую продукцию, произведенную:

- а) некоторыми производителями;
- б) с затратой определенных ресурсов;
- в) с целью удовлетворения определенных потребностей (например, эстетических).

И в этом смысле те же самые действия школьников – в данном случае, перегибания листа бумаги – становятся частью новой деятельности, осознание которой способствует формированию важнейших экономических понятий – ресурсы, затраты, себестоимость, качество и т.п. В то же время дети учатся рассматривать один и тот же объект в различных информационных аспектах. Таким образом, наряду с освоением математических и социально-экономических понятий имплантация в курс математики задач из окружающей жизни способствует также формированию информационной культуры школьников как совокупности норм и стереотипов поведения, связанных с накоплением, обработкой и трансляцией информации. Поэтому экономическая грамотность может быть представлена как сочетание экономического образования с информационной грамотностью, позволяющей

соотносить понятия экономики с реальными процессами и явлениями и на этой основе делать адекватные выводы.

На современном этапе социального и экономического развития, характеризующемся, в первую очередь, увеличением роли информации и знаний, бурными темпами происходящая информатизация общества облегчает информационное взаимодействие всего населения земного шара и обеспечивает доступ к мировым информационным ресурсам, приводя к колоссальным изменениям во всех социокультурных и экономических процессах. Это требует от социума формирования нового вида культуры – культуры информационной, поскольку именно универсальность информационных процессов позволяет применять к их изучению математические методы, выявляя фундаментальные характеристики и объясняя сущность процессов и явлений окружающей жизни – как природной, так и социально-экономической.


В то же время проблема представления и обработки социально-экономической информации математическими методами сопряжена с проблемой адекватной содержательной интерпретации полученных формализованных результатов, т.е. с оценкой вновь полученной информации об исследуемом процессе или явлении из реальной жизни школьника и его ближайшего окружения.

Как показывают результаты международных исследований PISA, традиционная, наиболее распространенная в настоящий момент система школьного математического образования не готовит российских школьников к тому, чтобы они могли свободно формулировать и аргументировать свою точку зрения, соотносить цифры и факты, т.е. не уделяет достаточного внимания формированию информационной культуры школьников на требуемом уровне. Чтобы пояснить сказанное, обратим внимание на одну из моделей заданий с фабулой из

окружающей жизни¹, суть которой в словесной форме и в форме диаграммы заключается в необходимости соотнести (графика):
данные условия задачи, представленные

ОГРАБЛЕНИЯ (M179Q01)

В телевизионной передаче журналист показал следующую диаграмму и сказал: “Диаграмма показывает, что по сравнению с 1998 годом в 1999 году резко возросло число ограблений”.



Считаете ли вы, что журналист сделал правильный вывод на основе данной диаграммы? Запишите объяснение своего ответа.

Эта задача вызывает затруднения у учащихся всех стран, но если в среднем по всем странам – участникам исследования PISA правильное решение дают 15% учащихся.

Эти данные говорят о явно недостаточном внимании, уделяемом отечественной системой школьного математического образования формированию навыков эффективного пользования информацией, о сохраняющемся формализме математической подготовки наших школьников. Суть ошибки заключается в устоявшемся стереотипе «возрастания», без учета эмоциональной, оценочной составляющей.

С другой стороны, налицо противоречие между «классическим» изображением графиков (в частности, начало

координат совпадает с нулями по обоим координатным осям) и традициями СМИ. Но, с нашей точки зрения, именно умение делать правильно самим и вычленять суть из информации, представленной иным способом, и составляет основу информационной культуры, без которой невозможна никакая научная грамотность.

Опыт педагогической деятельности свидетельствует о том, что формирование информационной культуры, а на ее основе и экономической грамотности, можно стимулировать, если строить изложение математических теорий исходя из содержательных примеров из реальной жизни, например, из сферы социально-экономических отношений, т.е. на основе информации, непосредственно окружающей школь-

¹Международное исследование PISA. Примеры заданий по математике // URL: <http://www.centeroko.ru/public.htm>.

ника. В современных СМИ примеры, математическое содержание которых идентично рассмотренному заданию из международного исследования PISA, используются достаточно часто, так что вполне могут быть подобраны самими школьниками. Это чаще всего информация экономического характера – о курсах валюты, о котировках акций, о доходах населения, об инфляционных процессах и т.п.

Экономические процессы, происходящие на глазах современного человека, во многом определяют качество его жизни, и следовательно, могут быть отнесены к личностно значимым, в том числе, для детей среднего и старшего возраста. Это означает, в свою очередь, что математические модели, построенные на этом материале, могут решать двойную

задачу – исследование «математической» сути процесса и формирование «оценочного» мнения. С другой стороны, в отличие от рассмотренного выше примера с ограблениями, сферу экономики можно рассматривать как данность, которую можно изучать наряду с природными процессами и явлениями.

Заключение

Таким образом, задачи с экономическим содержанием, будучи одновременно личностно значимыми для школьников и по математическому содержанию хорошо интегрируемыми в школьную математику, можно эффективно использовать для достижения при обучении математике двух взаимосвязанных целей – экономического образования и формирования экономической грамотности.

ЛИТЕРАТУРА

1. Симонов А.С. Математические модели экономики в школьном курсе математики: дисс. ... доктора пед. наук. – Тула, 2000.
2. Симонов А., Дорофеев Г.В., Седова Е.А. Математические модели экономики в школьном курсе математики / Всероссийская конференция «Математика и общество. Математическое образование на рубеже веков», Дубна, сентябрь 2000. – М.: МЦНМО, 2000. – с. 270–273.
3. Дорофеев Г.В., Кузнецова Л.В., Седова Е.А., Профилированная школа в концепции школьного математического образования // Интернет-журнал «Эйдос». – 2003. – 15 апреля.

REFERENCES

1. Smirnov A.S. Mathematical models of the economy in School Course of Mathematics: the Dissertation of the doctor of pedagogical sciences. – Tula, 2000.
2. Simonov A., Dorofeev G.V., Sedov E.A. Mathematical models of the economy as a School Course of Mathematics / Russian Conference «Mathematics and Society. Mathematical Education at the turn of the century», Dubna, September, 2000. – M.: MTsNMO, 2000. – P. 270–273.
3. Dorofeev G.V., Kuznetsova L.V., Sedov E.A. Profiled school in the concept of school mathematics education // Internet Journal “Eidos”. – 2003. – April, 15.

КОЩАНОВА Г.Р., МАМАЕВА В.А. МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Бұл мақалада математика сабағында экономикалық мазмұндағы есептерді қолдану мәселелері қарастырылады. Мұндай есептер мектеп математика курсына бастапқы экономикалық түсініктерді енгізуге мүмкіндік береді, сонымен қатар оқушылардың экономикалық сауаттылығын арттыруға және адамдардың күнделікті өмірінде туындайтын практикалық мәселелерді шешуге дайындайды. Бүгінгі

орта мектептердің алдында тұрған ең маңызды мәселелердің бірі әрбір жас ұрпақты өмірге және қоғам игілігі үшін белсенді еңбек етуге дайындау, бітіруші түлектердің әлеуметтік кемелденуінің жоғары дәрежесін қамтамасыз ету, шығармашылық тұлғаны қалыптастыру болып отыр. Мектеп математика курсын оқыту үдерісіндегі математикалық және экономикалық білімдердің бірігуі туралы мәселенің бүгінгі жағдайы математика мен шынайы өмірдің арақатынасының жалпы түсінігімен тығыз байланысты. Осылайша, математикалық білімнің шын мәнінде пайдасын көрсету арқылы математикалық модельдеуді үйренуге деген қызығушылығы артады және қазіргі қоғамда толыққанды өмір сүру үшін қажетті біліктілікті қалыптастырады.

Кілтті сөздер: мектептік математикалық білім беру, экономикалық сауаттылық, ақпараттық мәдениет.

KOSHCHANOVA G.R., MAMAYEVA V.E. THE FORMATION OF ECONOMIC LITERACY IN SCHOOL STUDENTS WHILE TEACHING MATHEMATICS

The article discusses the use of economic tasks during Math lessons. Such tasks allow introducing basic economic concepts into the school mathematics, thereby increasing the economic literacy of school students and preparing them for solving the practical tasks in everyday life. Secondary school is facing the problem of preparing young people for life and active work for the benefit of society, the problem of ensuring higher level of social maturity among graduates, the formation of a creative person. The current state of integration of mathematical and economic knowledge in school course of mathematics is closely connected with the general ideas of correlation of mathematics and the real world.

It increases the motivation to study mathematical models due to demonstration of real benefit of mathematical education and forms the competences necessary for full-fledged life in a modern society.

Keywords: school mathematical education, economic literacy, information culture.

ӘОЖ 37:36

АГРЕССИВТІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫ ЖАС ӨСПІРІМДЕРДІ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ

¹Ә.М. ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА

п.ғ.к., аға оқытушы

²Г.И. САЛҒАРАЕВА

пед.психол. магистрі, аға оқытушы

¹Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

²Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

Мақалада қазіргі қоғам үшін ең маңызды мәселелердің бірі – адам бойындағы агрессивті мәселесі қарастырылған. Агрессивті мінез-құлықтың қалыптасуына әртүрлі факторлар әсер етеді. Агрессивті мінез-құлық отбасының, құрбы-құрдастарының, бұқаралық ақпараттың ықпалынан және балалар агрессивті мінез-құлықты тікелей әсер етуден, сондай-ақ агрессивті әрекеттерді бақылаудан үйренеді. Сондықтан

да әлеуметтік-педагогикалық қолдауды негізінен әртүрлі проблемасы бар және әлеуметтік жағынан қамтамсыз етілмеген отбасында тәрбиеленетін балалар қажетсінеді.

Жасөспірімдердегі агрессивті мінез-құлықты әлеуметтік педагог отбасымен бірлесіп түзету жұмыстарын жүргізуі маңызды. Отбасылық қатынастар мен олардың үйлесімділік дәрежесіне диагностикадан кейін жеке және топтық психокоррекциялық жұмыс жалғасуы қажет.

Кілтті сөздер: агрессивті мінез-құлық, жасөспірімдер, әлеуметтік педагогикалық көмек, әлеуметтік педагог

Кіріспе

Қазір қоғам да, қоғамдық көзқарастар да күннен-күнге өзгеру үстінде. Әрі бұқаралық ақпарат және қарым-қатынас құралдарының жұмысындағы барлық шектеулердің алынып, ақпарат тарату еркіндігіне кең жол ашылуы балалардың сана-сезімі мен рухына кері әсер етуде. Қазақ бола тұра қазақ тілін ұмытып, ата-бабамыздың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпынан ажырап қалған, шетелдік компьютерлік ойындар мен қатыгездікке құрылған фильмдердің еркіне кеткен жастарымызды қайтсек дұрыс жолға саламыз? Бүгінгі таңда бұл сұрақ ұлтымыздың болашағын ойлайтын санасы сергек барша қауымды толғандыруда.

Президентіміз Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында былай деді: «Біріншіден, осы өңірде тұрақсыздық пен діни экстремизмнің етек жая бастауы. Екіншіден, бел ортасында тұрған өңірде есірткі таратудың тыйылмай отыруы». Нашакорлық, өзгеге қиянат, зорлық көрсету сияқты осындай жағдайлар адам бойында кері әсердің жиылуы, агрессивті әрекеттің осылай бой көрсетуі – өзін және өзгені талқандаудан көрініс табады. Адам бойындағы агрессия мәселесі қазіргі біздің қоғам үшін ең маңызды мәселелердің бірі.

Зорлық-зомбылық және агрессия мәселесі күннен-күнге өзекті мәселеге айналып жатыр. Қоғамда жетістіктерге жету күресінің құралы ретінде агрессивтілік ашық және жасырын формада қолданылуы сирек емес.

Адамдар үнемі қауіпті агрессивті әрекеттер жасайды. Неліктен олар мұндай әрекеттерге барады, деген мәселе ұзақ

уақыттан бері маңызды дискуссиялардың пәні болып келеді. Көптеген әр түрлі бір-біріне қарама-қайшы теориялық негіздерге қарамастан Р. Бэрн мен Д. Ричардсонның пікірінше олардың көбісі келесі төрт категорияның біріне сәйкес келеді. Агрессия бірінші кезекте мыналарға қатысты:

1. Туа пайда болған түрткілер немесе нышандарға

2. Сыртқы стимулдардан белсенетін қажеттіліктерге

3. Танымдық және эмоционалдық процесстерге

4. Бұрынғы тәжірибемен үйлескен көкейкесті әлеуметтік және эмоционалдық жағдайларға байланысты.

Агрессивтілік эмоцияның көрінуі әрекеті, яғни сырттан немесе іштен келген тітіркендіргіштерге жауап реакциясының әрекет ретінде көрінуіне орай бірнеше теориялар бар.

Агрессияға қатысты ең алғашқы және белгілі теориялық ой бойынша, бұл мінез-құлық табиғатынан түйсікті болып келеді. Бұл теориялық ойға сәйкес, адамдар осы тектес әрекеттерге генетикалық алдын-ала программаланғандықтан, агрессия туындайды [1, 8 б].

Жасөспірімдер дамуындағы дағдарысты түсіну үшін жасөспірімдердің агрессиялық әрекетіне қарсы тұруды қарастырған жөн. Бұл жас ерекшелік көптеген балаларда агрессиялықтың жоғарылауымен сипатталады. Агрессия формаларының жүйесі жас ерекшеліктерге де, жынысқа да байланысты болады. Жасөспірімдік жастағы ұл балалар мен қыз балаларда

агрессивті мінез-құлықтың жоғары және төменгі деңгейі өз жыныс ерекшеліктеріне қатысты пайда болады.

Қазақстандық зерттеуші А.Ұ. Ескендірова жасөспірімдер мінез-құлқында агрессивтіліктің пайда болуы жыныстық жетілу факторына, этникалық ерекшеліктеріне, зиялылық даму деңгейіне, отбасымен және өз қатарларымен арақатынастарына өзара байланыста және тәуелділікте болады. Ер балалардың да және қыз балалардың да барлық жасөспірімдік кезеңде агрессивтілігі өзгеріске ұшырап отырады деп атап көрсетеді [2, 81 б].

А.Ұ. Ескендірова (2003) өз зерттеуінде отбасылық арақатынастар жас өспірімдердің агрессивтілік сипатын анықтайтын негізгі фактор болып табылады. Отбасында жасөспірімнің жағдайымен келіспеушілік мінез агрессивтілікпен параллель түрде дамып немесе кеміп отырады. Жасөспірімнің агрессивтілігі оның өзінен жасы үлкен құрбыларымен өзара қарым-қатынасында да жиі байқалады. Ата-аналардың қаталдығының артуына қарай жасөспірімнің агрессивтілігінің артатындығы байқалатынын айтып өтеді [2, 80 б].

Жасөспірім жастағыларға ата-аналардың эмоциялық қолдауы, жылылығы өте қажетті нәрсе болып саналады. Бұл қолдау ерекше маңызды, себебі жасөспірімдік Мен – тұжырымдамасының қарқынды даму фазасына түседі, сәтсіздіктерге тең және сындарлы қарауға икемсіздігі, өзін толыққанды сезінбеу, қарама-қайшы күйзелістерге жиі түседі. Мұндай жағдайда әсіресе отбасы қауіпсіздік сезімінің негізімен қамтамасыз етуге қабілетті, яғни жасөспірімге оптимистік қолдау, өзкүшіне сенуге үйрету, жасөспірімде пайда болатын жаңа немесе стрестік ситуацияларындағы қорқыныш сезімдерінің төмендеуіне мүмкіндік туғызады.

Агрессияның әлеуметтенуіне екі

негізгі факторлар әсер етеді: бұл ата-ананың **мінез-құлықтары мен қарым-қатынасының үлгісі**. Ата-ананың тым қатаң жазалауларға тек ұрып-соғып, күш жұмсау ғана емес, сондай-ақ психикалық жазалаулар – балағаттау, баланы сөгу, сөз арқылы қорқыту және т.б. жатады. Психологиялық әдебиеттерде үлкендер тарапынан жасөспірімге қараудың төрт формасы анықталған: тәндік, сексуалдық, психикалық (эмоциялық), күш жұмсау және баланың негізгі қажеттіліктерін елемей (моральдық қатыгездік). Мұндай қарым-қатынас жеткіншек агрессиясының одан әрі дамуына әкеліп соғады. Зерттеушілер ата-ананың баланы шектен тыс қатыгездікпен жазалауы оның жеке тұлғасының дамуына теріс ықпал ететіндігін айтады. Біріншіден, баланы жазалай отырып, ата-ана агрессивті мінез-құлық үлгісін көрсетеді, мұны бала басқаларға әсер ету тәсілі, күш пен биліктің, әсіресе өзінен әлсіздерге күш көрсетудің белгісі ретінде игеруі мүмкін. Екіншіден, жазалау баланың жатсынып кетуіне әкелуі мен жағымсыз көзқарастың қалыптасуына себепші болуы мүмкін. Жасөспірім өз-өзінен бұғылып, тұйықтала түседі, ынтасыз болады, іштей үнсіз наразылықты ұстанымын қолданады. Үшіншіден, тым шектен тыс қатаң жазалаудан бала не үшін жазаланғанын ұмытып кетуі де мүмкін.

В.И. Горбузов ата-ананың балаға деген жағымсыз қарым-қатынастың үш түрін анықтады [3]:

1) Кері итеру (баланы қабыл алмауы, жақтырмаушылық қатынасты көрсету). Мұнда балада жалғыздық, қорғансыздық, өзіне деген сенімсіздік сезімдерін қалыптастырады. Салқын эмоциялық қатынастардан ол жауап қайтарудың жағымды мінез-құлықтық үлгілеріне ие болмайды. Бұл жеткіншектің өзін-өзі ретке келтіру қабілетін төмендетеді. Г.Эберлейн агрессивтілікті «қолдау мен сүйіспеншілікті іздейтін баланың жанайқайы» ретінде анықтайды [4].

2) Шамадан тыс әлеуметтендіру (тым қатал қарым-қатынас: шамадан тыс сынау, сөгу, теріс қылықтары үшін жазаламау және т.б.). Ата-ананың баланың тұлғалық қалыптасуы үшін үлгі ретінде ұстанған тәсілі. Алайда осыған қарамастан бұл теріс нәтижелерге алып келеді. Мұнда ата-ана тарапынан берілетін сын әдетте жүйелі болмағандықтан, жағымды нәтижеге алып келуі екіталай. Жасөспірімге бағытталған сын, сөгіс оның толыққанды дамуын емес, керісінше, үрей, қорқыныш, сәтсіздіктерді күту сезімдерін қалыптастырады.

А.И. Захаровтың айтуы бойынша, жасөспірімнің сабаққа және қызығушылығына сәйкес келмейтін әрекеттерге шектен тыс жүктеуі олардың агрессивтік мінез-құлқын тудыратын невроздың пайда болуына алып келеді [5].

3) Шамадан тыс әлпештеу (бала өз бетінше әрекет ету мүмкіндігінен айыратын шектен тыс қамқорлап, өбектеу). Бұл жасөспірімнің тұлғалық дамуын бұзады. Ол ата-ананың әлпештеуі мен сүйіспеншілігін толықтай алуына мүмкіндік береді. Алайда, шектен тыс әлпештеп өсіру жеткіншектің дербес өз бетімен жұмыс жасауына, шешім қабылдауға қабілетсіздікке және кездескен қиындықтарға қарсы тұра алу мүмкіндігін, төмендетеді. Психологтар мұндай жасөспірімдерді көбінесе агрессияның жәбірленушілері деп есептейді. Олар өздерінің теріс жағымсыз эмоцияларын басқа заттарға (кітапты жыртады, заттарды лақтырады, киімін шашады, ыдыс-аяқты сындырады және т.б.) бағыттайды.

Осылайша отбасындағы ата-ананың балаға деген жағымсыз қарым-қатынасы оларда агрессивті мінез-құлқының қалыптасуына алып келеді.

Жасөспірімдердің агрессиялы болуына ең біріншіден, ата-аналары жауапты болады, себебі, олар баланың алғашқы жылдарында тәрбие беруге

міндетті деп есептеледі. «Ата-ана және бала» қатынасына байланысты отбасында түрлі эмоционалды депрессиялық қарама-қайшылықтар болуы мүмкін. Баланың агрессиялы мінезіне жауап ретінде ата-ана қатаң жаза қолдануы мүмкін, бұл екеуі өзара тығыз байланыста болады.

Бүгінгі таңдағы оқушылардың қоғамға, әлеуметтік ортаға бейімделуі, әлеуметтенудегі қиыншылықтар оның тұлғалық қасиеттерін зерттеуге зерттеу нәтижесінде түзету жұмыстарын жүргізуге, өмірдің қиын жағдайынан шыға білуге ықпал ету қажеттігінен туындап отыр.

Жасөспірімдердің бақылаусыздығы мен қараусыз қалуы – мектеп және әлеуметтік педагогтің өзекті проблемеларының бірі болып табылады. Аталған жағдайдың себебінің бірі ата-ана мен балалар арасындағы қарым-қатынасқа байланысты. Отбасы мен мектептің арасындағы ынтымақтастық – бұл ортақ мақсатқа негізделген және ұзақ нәтижесі болып табылады. Бұл жұмыс ең алдымен отбасын жүйелі, әрі жан-жақты зерттеуден, отбасы тәрбиесін ерекшеліктері мен жағдайын ескеруден басталады. Бүгінгі таңда отбасылық тәрбие жүйесі үлкен өзгеріске ұшырауда. Отбасылық дәстүрлі құрылымының өзгеруі төмендегі мәселелерге байланысты:

- отбасындағы балалардың аз болуы;
- жас отбасылардың көбіне ата-аналарынан бөлек тұруы;
- халықтық педагогика дәстүрін жоғалтып алу;
- отбасының әлеуметтік-экономикалық қиыншылықтарды;
- ата-аналардың балаға қарауына уақытының жетіспеуі.

Бұл өз кезегінде баланың проблемаларымен жалғыз қалуына әкеліп соғады. Бұл проблемаларды шешу жолының бірі ретінде жасөспірім құқық бұзушылық пен қаңғырушылықты таңдауы мүмкін.

Ата-аналардың баланың білім

алуы мен тәрбиесінің жауапкершілігін сезінуіне қарай отбасын бірнеше түрге жіктеуге болады:

- қолайлы, сәтті отбасы ;
- проблемалық отбасы;
- қолайсыз отбасы.

Отбасылардың түріне қарай мектеп ұжымына оқушы мен оның отбасымен жұмыс жүргізген кезде түрліше әдіс-тәсілдерді қолдануға тура келеді.

Әлеуметтік педагог әрбір тәрбиеленуші үшін оның қызығушылық мүмкіндігін ескере отырып жұмыс жүргізеді. Оның ересек адамдармен, достарымен қарым-қатынасын болжамдау арқылы жасөспірімді басқару қызметін анықтайды.

Бала бойында ауытқушылықтың пайда болуына әсер ететін себептер:

Әлеуметтік-педагогикалық қараусыздық білімге деген ынтаның, дағдыларының болмауы.

Отбасындағы қолайсыз психологиялық микроклиматқа білімдегі сәтсіздіктерге, сыныптастарымен қарым-қатынастағы проблемаларға ата-ана мұғалім тарапынан әділетсіз қатынасқа байланысты оқушы бойында терең психологиялық жайсыз күйдің болуы. Психикалық және физиологиялық денсаулығы мен дамуындағы ауытқушылықтар, жас ерекшеліктеріндегі дағдарыстар; Өзін-өзі көрсетуге жағдайдың болмауы, баланың ішкі және сыртқы белсенділігін мүмкіндігін көрсете алмауы, пайдалы іспен айналысуы, өзіндік мақсаты мен өмірлік жоспарының болмауы; баланың бақылаусыз, қараусыз қалуы, баланы қоршаған ортаның жағымсыз әсер етуі мен әлеуметтік психологиялық бейімделе алмауы; әлеуметке қарсы мінез-құлық көрсетуі, оның негізіне әлеуметтену процесінің бұзылуы жатады.

Бұл себептердің ішінен әсіресе ата-анасы мен достарының және мұғалімдердің немқұрайлы қарым-қатынасының негізінде пайда болған бала мен жасөспірімдердің әлеуметтік-педагогикалық бақылаусыздағы үлкен

рөл атқарады. Нәтижесінде бала өзін жалғыз ешкімге керек емес қорғаусыз қалғандай сезінеді. Баланың бойындағы қарсылық, оқшаулану ересек адамдарға деген араздық жеккөрушілік, баланың бойындағы тағдыры, психологиясы өзіне ұқсас өзі сияқты балалармен бірігіуіне алып келеді.

Әлеуметтік жағымды тәжірибенің жеткіліксіздігі, дүниетанымының, құндылық бағдарының, этикалық бағдарының қалыптаспағандығы оқушының тұлғалық дамуында, әлеуметтік кейпіне жағымсыз әсер етеді. Бұл мәселеде маңызды рөлді дер кезінде ата-ана мен психологиялық-педагогикалық қолдаудың болмауы әсер етеді. Қазіргі кездегі оқушының қоршаған ортасы (социум) баланың дамуы, тәрбиесі үшін өте қолайсыз болып отырғандығы белгілі. Ол күнделікті отбасында, қоғамдық орында мінез-құлықтың әртүрлі ауытқуларымен пайда болуына қалалық жағдай, ондағы жағымсыз әсер ететін экономикалық әлеуметтік және мәдени факторлар әсер етеді.

Сондықтан да әлеуметтік педагогтің осы мәселеде атқарар жұмысының маңызы зор. Әлеуметтік педагог ата-аналармен тығыз қарым-қатынаста болуы тиіс. Әсіресе, жасөспірімнің өтпелі кезеңінде олардың ата-аналарымен жиі кездесіп, жиналыстар өткізіп отыру, оның тақырыптары мен жүргізілуінің тәсілдерін алдын-ала жоспарлау өте маңызды болып табылады. Сол кезеңдегі жасөспірімнің агрессиялық мінез-құлыққа бейімділігін ескере отырып, ата-аналарға сондай тақырыптың негізінде жиналыстар өткізіп, оның қалай көрінетінін және оған не әсер ететіндігін, олармен қалай қарым-қатынас жасау керектігін қарастыра келе, ата-аналармен түрлі тренинг-жаттығулар өткізіп отыру арқылы тиімді нәтижеге қол жеткізуге болады. Жиналыс жасаумен ғана шектелмей, ата-аналармен жасөспірімдермен бірлесе іс-шаралар ұйымдастырып, олардың жылы қарым-қатынас орнату-

ын назарға алу керек. Мәселе іс-шараны қалай өткізем деген емес, ата-ана мен бала арасындағы жағымды, жылы қарым-қатынасты одан әрі дамытуға, агрессиялық міз-құлықтың алдын-алуға, келеңсіз жағдайларды болдырмауға байланысты ұйымдастырылуы мақсатқа алынуы қажет. Жасөспірімнің агрессиялық мінез-құлқын жеңілдету мақсатында арнайы түзету-дамыту сабақтар ұйымдастырып, өзара жылы қарым-қатынас түзуге, агрессия түрлерін (физикалық, вербальды) шығаруға, релаксация – тежелуге түсу шараларын жүргізуге болады. Сонымен қатар агрессиялы кері әсерді затқа ауыстыру арқылы жеңілдетуге болады, мысалы әртүрлі ойындар арқылы, психожаттығулар арқылы, арт терапия, денені бағдарлау терапиясы, түйме терапиясы, құм терапиясы және т.б.

Қазіргі заманда жасөспірімдерге олардың өмір сүретін микроортасы да әсер етеді. Оның өз ауласында, мектепке барар жолда, қоғамдық орындарда, мектепте тіпті үйінде де тәрбиеге жат жағымсыз қылықтармен бетпе-бет келетін тұстары да болады. Сондықтан да агрессивтіліктің алдын алудың мынадай жолдарын педагогтерге, ата-аналарға ұсынылады:

- әр түрлі жағдайларда баланы өзін-өзі ұстай білуге үйрету;

- дау-дамай жағдайында, қатынастың мүмкін болатын жағымды дұрыс жолдарын қарастыру;

- адамға деген сенімділік, эмпатия тәрбиесін дамыту;

- баланы қоршаған ересектерге әрдайым кеңестер беріліп, жұмыстар жасалып отыруы қажет.

Психологиялық ақпараттарды көбірек тарату жағдайларын қарастыру (ата-аналар жиналыстарында, педагогикалық кеңестерде, әртүрлі іс-шаралар ұйымдас-тыру)

Жасөспірімдердің агрессивті мінез-құлықтың профилактикасы бойынша түзету жұмыстары өзіндік ерекшеліктерге ие. Оның бастапқы кезеңінде топтық түрден гөрі жасөспіріммен жеке жұмыс

жүргізген тиімді болып табылады. Басынан бастап отбасымен бірлесіп түзету жұмыстарын қолдану керек. Отбасылық қатынастар мен олардың үйлесімділік дәрежесіне диагностикадан кейін жеке және топтық психокоррекциялық жұмыс жалғасуы қажет. Коррекциялық жұмыста жасөспірімнің мінезі мен қабілетінің ерекшеліктерінің негізіндегі қызығушылықтарын қалыптастыру ерекше орынды алады. Жасөспірімнің бос уақытын мейлінше азайтуға тырысу, яғни «көңіл көтеру мен істейтін іс жоқ уақытты» тұлғаны қалыптастыруда маңызды орын алатын, пайдалы істермен (кітап оқумен, музыкамен, спортпен шұғылдану және т.б.) алмастырған жөн. (Личко А.Е., Попов Ю.В.) [6].

Сол сияқты әр баланың өзінің ерекшелігі бар, оны байқай білу де, соны орайына қарай дұрыс бағытқа бағдарлай білуде шеберлікті қажет етеді. Қандай қиын бала болса да оның ар-ожданына тимей, жеке өзіндік психологиялық ерекшелігін ескеріп, икемі бар жаққа қарай баули білу, қоғамдық пайдалы істерге икемдеу, тындырған ісіне баға беруде де қырағылық таныту, оның алдында айқын мақсат қойдыра білу және оған жетуге көмектесу сияқты сан-саналы, тынымсыз тәрбие жұмысы арқылы ғана мақсатқа жетуге болады. «Баланы бастан» демекші, әуел бастан-ақ балаға дұрыс ықпал, түзу бағдар беру, тәрбие жұмысының бір минут та ұмыт қалдырмау баршамыздың борышымыз болып келеді.

Қорытынды

Сәндік-қолданбалы колөнер сабақтарында ақпараттық технологияларды қолдану-проблемалық және зерттеу әдістерін, жаңа оқыту технологияларын, оқыту формаларын, оқыту ойындарын автоматты оқыту жүйесіне енгізу арқылы бағдарлама бөлімдерін сапалы жүзеге асырады және оқыту процесінің тиімділігін арттырады. Сабақ барысында ақпараттық технологияларды қолдану оқытушының уақытын үнемдейді, оқу материалының көлемін және деңгейін шығармашылық жоспарлауға оқыту-тәрбиелеу процесін ұйымдастыру формасының бір түрінен басқа түріне ауысуына немесе өтуіне, барлық оқыту жүйелерін оңтайлы ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Оқыту процессі шығармашылық тұрғыда, тәрбиелік сипатта болу керек, ал жасалған бұйымдардың ұлттық колориті қанық, көркемдік құндылығы және жасалу сапасы жоғары, функционалды және эстетикалық талаптарға сай, қоғамға пайдалы болу қажет.

Жеке адамның шығармашылық қабілетін, суреткерлік қиялын, эмоционалды түсіне білу қасиетін арттыруда проблемалы жағдайлар тудыру; өз бетінше ойлай білу; көркем шығармаға, құбылыстар мен бағыттарға салыстырмалы талдау-

лар жасай білуге үйрету педагогикалық үрдістің біртұтастылығы мен жүйелілігін құрайды [3]. Осы тұрғыдан қарағанда оқытудың мазмұндық және процесуалдық жақтарының бірлестігін ескере келе, ұлттық тәрбие беру мақсатында мынандай мәселелерге ерекше көңіл бөлуіміз қажет:

– оқыту әдістемесін дайындау барысында қазақ баласының мінез-құлқына жақын, оның дамуына әсерін молынан тигізетін әдіс-тәсілдерді таңдап алу;

– қосымша оқу-әдістемелік құралдарға баланың ұлттық сана сезімін оятатын, оны қалыптастыратын, қазақ халқының тарихы, әдебиеті, мәдениеті, дәстүрімен таныстыратын материалдарды барынша мол енгізу;

– осылардың ішінен қазіргі уақыттың талабына сай келетін ата-дәстүрлерді таңдап алу және олардың деңгейін көтеруді көздеу т.с.с. Студенттердің шығармашылық қабілеті қазақ қолданбалы өнерін пайдаланудағы теориялық білімдер мен практикалық іскерліктері педагогикалық практика жағдайында жүзеге артады. Қазақ қолданбалы өнері негізінде болашақ мұғалімдердің кәсіби шығармашылығын қалыптастыру үшін мынандай шарттарды ескеруіміз керек: Болашақ мұғалімдердің қазақ қолданбалы өнерінің маңызын саналы оймен түсінуі; Болашақ мұғалімдердің қазақ қолданбалы өнері негізінде білімдер мен іскерліктерді жетік меңгеруі; Тәжірибелі оқытушылардың қазақ қолданбалы өнерінің тарихын оқыту әдістемесінде қолданған әдістерін студенттердің қолдана білуі т.б. Халықтың рухани танымын, эстетикалық талғамын кемелдендіру үшін осы күнге дейін толықтырылып жинақталған аса бай рухани игіліктерді игеріп, танымай тұрып, ілгері аттау мүмкін емес. Көзбен көріп, сенудің адам үшін маңызы зор [4].

Осыған орай арнайы колледждер, институттар, университеттерде сәндік-қолданбалы өнер факультеттері ұйымдастырылды. Бірақ дәстүрлі

көркемөнер орталықтары өнерінің бұдан әрі дамуының негізгі шарты болып бұрынғыша шығармашылық тұрғыдағы ұрпақтар сабақтастығы принципімен дамуы саналады. Сондықтан да оның маңызды міндеттерінің бірі болып барлық уақытта болашақ мамандарды дұрыс тәрбиелеу мәселесі табылады.

Дәстүрлі өнердің тілі күрделі және мәнді болғандықтан оның заңдылықтарына немқұрайдылықпен қарауға болмайды. Оған мән бермеу жансыз стилизацияға әкеліп соғады. Ал бұл болса, шығарманың шындық болмысын және тереңдігін көрсете алмайды. Сол себепті де өнердің дәстүрлі тілін бала кезден меңгеру қажет, ол білімдерді тәжірибелі ұстаздың бақылауымен жетілдіре түсу тиіс.

Білімге кім-кімде қол жеткізе алады. Бірақ меңгерген білімді практикамен байланыстырып, тәжірибеге енгізу, шеберлікке икемделуге, шебер болуға әркімнің қабілеті әр түрлі болып келеді, шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруда бәрі бірдей емес. Дегенмен, оқытушының бұған ықпалы мол. Бұл педагогтан көп уақытты, ізденісті талап етеді. Ол үшін мұражайларға, көрмелерге жиі барып, шеберлердің шығармашылық туындыларының құпия сыры мен мазмұн-мағынасына үнемі үңіліп отыру тиімді болмақ.

Қорытынды

Қазақ қолданбалы өнері негізінде болашақ мамандардың кәсіби эстетикалық даярлығын жетілдіру, сәндік-қолданбалы қолөнер арқылы болашақ мамандардың кәсіби шығармашылығын қалыптастыру – басты міндеттердің бірі десек болады. Сондықтан жоғары оқу орнын бітірген болашақ маман рухани дамыған, шығармашылықпен жұмыс істей алатын, кәсіби дағдыларды, педагогикалық дарындылықты бойына сіңірген, жаңашылдыққа құштарлығы басым маман болып шығуы тиіс; Жалпы білім беретін мектептерге әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдасу мақсаты

койылып отырған қазіргі кезде білім беруді жаңа педагогикалық технологияларды оқытудың ақпараттық құралдарын, тәрбиенің жаңа нысандарын, зерттеушілік және ізденушілік қызмет дағдыларын меңгерген кәсіби білікті педагог келуі тиіс. Қорыта айтқанда жеке тұлғаның шығармашылық қабілеттерінің, кәсіби

шеберлігінің дамуы мен қалыптасуы, біріншіден, оқытудың қажеттілігіне және жағдайына байланысты, екіншіден, оқытудың, білім берудің және дамудың өзара байланысына; үшіншіден, оқу үрдісінің міндеттері, мазмұны, формалары және әдістерінің өзара байланысына қатысты болып келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әмірғазин Т. Әсемдікке құштарлық академиясы. – Алматы: ЖАҚ, 2001.
2. Мұратбаева Г.А. Болашақ өнертану мамандарын даярлаудағы оқу үдерісін технологияландыру: оқу-әдістемелік құралы. – Алматы: Жания-Полиграф, 2003.
3. Бикенов А. Қазақтың материалдық мәдениеті. – Астана: Фолиант, 2010.
4. Тәжімұратов Ә. Шебердің қолы ортақ. – Алматы, 1987. – 96 б.

REFERENCES

1. Amirgazin T. Academy of Arts Beauty. – Almaty, 2001.
2. Muratbayev G.A. Tehnologyzation of educational process on preparation of future professionals of art: teaching manual. – Almaty: Janiya-Polygraph, 2003.
3. Biken A. Material Culture of Kazakh. – Astana: Foliant, 2010.
4. Tazhimuratov A. The master hands even common. – Almaty, 1987. – 96 p.

ДАРМЕНОВА Р.А. ФОРМИРОВАНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ТВОРЧЕСТВА У БУДУЩИХ СПЕЦИАЛИСТОВ С ПОМОЩЬЮ ДЕКОРАТИВНО-ПРИКЛАДНОГО ИСКУССТВА

В статье говорится о необходимости уделять особое внимание национальному наследию в совершенствовании учебно-воспитательного процесса в высших педагогических учебных заведениях. Все начинается с декоративно-прикладного искусства - жизнь и быт, мечты и интересы, эстетические качества казахского народа. Это является одной из главных целей формирования профессионального творчества будущих специалистов на основе развития казахского народного искусства и профессионального исследования истории декоративно-прикладного искусства.

Для этого в колледжах, институтах и университетах организовываются специальные факультеты искусства. Но и в дальнейшем основным условием развития традиционных центров искусства, как и раньше, будет принцип связи творческих поколений. Поэтому постоянной главной задачей будет и остается правильное воспитание будущих специалистов. Во-первых, социальное развитие и необходимость учебы, во-вторых связь образования и саморазвития и, в-третьих задачи и содержание учебного процесса, форма и методика должны быть взаимосвязаны. А это приводит к развитию и формированию творческих способностей и профессиональному мастерству будущих специалистов.

Ключевые слова: декоративно-прикладное искусство, история, специалист, творчество.

DARMENOVA R.A. THE FORMATION OF PROFESSIONAL CREATIVITY IN FUTURE EXPERTS BY MEANS OF ARTS AND CRAFTS

Special attention in the improvement of education and upbringing in high pedagogical educational institutions shall be paid to the national heritage. Everything starts from the arts and crafts - life and lifestyle, dreams and interests, esthetic qualities of Kazakh people. One of the main goals is the formation of professional creativity in future experts on the basis of development of Kazakh applied art and the professional research of the history of arts and crafts.

For this purpose, special faculties of art are organized in colleges, institutes and universities. But in the future the principle of connection between creative generations remains the main condition for the development of traditional art centers. Therefore, proper upbringing of future experts will remain the major task. Social development and need for study shall be interconnected with the link between education and self-development, and the tasks

Keywords: decorative and applied art, history, specialist, creativity.

ӘОЖ 374

ЕРЕСЕКТЕРГЕ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАСТЫҚ ЖӘНЕ ЖЕКЕ ДАРАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ғ.У. ҚАБЕКЕНОВ

білім беру докторы, педагогика және психология кафедрасының доценті
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инженеринг
университеті
e-mail: kabekenov76@mail.ru

Мақалада ересектерге білім берудің жастық және жеке даралық ерекшеліктері қарастырылған.

Бүгінгі таңда ересектерге білім беру жүйесін дамыту стратегиясының мәні адамдардың тұлғалық дамуының оңтайлы шартыу құру оның жекелік қасиеттерінің көрінуімен тығыз байланысты. Ересектерге білім беру үдерісін құруда олардың жас айырмашылықтары мен психологиялық ерекшеліктерін және әлеуметтік-мәдени шарттарын міндетті түрде ескеру қажет, себебі, оқытудың заманауи ақпараттық және коммуникациялық технологияларының негізгі детерминаты болып табылады.

Кемелдікті анықтаудың бір маңыздылығы оның жас ерекшеліктерімен байланыстылығында емес, әлеуметтік-психологиялық факторлармен байланыстылығында, себебі ол бір жағынан адамның өзінің жете түсінуінде, екінші жағынан оның қоғамдық өмірде пайда болуында. Сондықтан кейінгі уақыттарда ересек адамдың жас ерекшеліктері туралы өзгерістердің қордаланған ғылыми мәліметтерін де ескеру керек, сондай-ақ онтогенез ғылымының біртұтастығын жаңаша түсінулер, адамзат өмірінің типологиялық және метрикалық қасиеттерін сипаттайтын осы кезеңді, яғни адамзат дамуының барлық кезеңдерінің тұтастығы мен өзара байланысы кемелдену мен ересектенудің жас ерекшеліктерінің кезеңі психофизиологиялық кезеңдену құрылысына келуге жол ашады.

Кілтті сөздер: ересектерге білім беру, білім берудің жастық ерекшеліктері, жеке даралық.

Кіріспе

Қазіргі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жағдайында ересектерге білім

беру өзекті мәселенің біріне саналады. Ересек адам өзінің білімін жетілдіру арқылы кәсіби біліктілігін көтеріп қана

қоймайды, ол еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін саналы түсінеді, өз өмірінің сапасын жақсартады.

Оған Қазақтан Республикасының «Білім беру» заңының 24-ші бабында «ересектерге білім беру қоғамда болып жатқан әлеуметтік – экономикалық өзгерістерге сәйкес білімдер мен дағдылардың қосымша көлемін алу үшін олардың өмір бойы білім алу қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған» - деп ерекше атап көрсетілуі дәлел бола алады.

Ересектерге білім беру үрдісі ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап либералдық, прогрессивтік, бихевиористік, радикалды, когнитивті, гуманистік философиялық мектептер мен бағыттар ықпалымен дамып, әлеуметтік, экономикалық функциялар атқарды, бүгінгі таңда ол тұлғаны дамыту функциясын орындайтын білім беру қызметін көрсету саласына айналып келеді.

Сондықтан адамның қай жаста да оқуына жол ашылып, «өмір бойы білім алуына» мүмкіндік берілген қазіргі заманда ересектерге білім беру маңызды мәселе болып саналады.

Әдіснамалық негіздері

Ересектерге білім беру мәселесі әлеуметтік-философиялық (А.Г. Аслотов, А.Р. Лурия және т.б.); үздіксіз білім беру жүйесіндегі орны мен мазмұны (Д.Р. Кидд, А.Долеон, Р.Х. Даве және т.б.); ересек адамның мақсатты іс-әрекеті ретіндегі білім алуы мен қосымша білім алуының объективті үдерістері арасындағы айырмашылық (В.Г. Онушкин және т.б.); ересектердің танымдық қызметінің психологиялық ерекшеліктері (Ю.Н. Кулюткин, Г.С. Сухобская, Л.И. Анцыферова және т.б.); педагогикалық мәселелер (Л.А. Балакирева, Е.П. Тонконогая және т.б.); ересектерге қосымша білім берудің функциялары (Л.П. Буюева, М.В. Кларин және т.б.) бағыттарда қарастырылған.

Қазақстан Республикасында ересектерге білім беру үдерісінің, жоғары білім беру жүйесінің қалыптасуы мен да-

муы мәселелері көптеген ғалымдардың еңбектерінде қарастырылады. Сонымен қатар ересектердің өмірлік тәжірибесіне сүйене отырып, оқыту үдерісін ұйымдастыру, ересек оқушылардың субъектілігін дамыту (А.Н. Ильясова, Қ.Р. Сейталиев, Б.А. Тұрғынбаева және т.б.) тұрғысынан қарастырылады.

Ересектерге білім беру мақсатты бағытта ұйымдастырылатын, физиологиялық, психологиялық, әлеуметтік, адамгершілік жетілген, жауапкершілікпен өзін-өзі басқару мінез-құлқы үшін экономикалық тәуелсіз, өмірлік тәжірибесі мен сана-сезім деңгейі жеткілікті тұлғаға білім, білік және дағдыны беру және меңгерту, құзыреттіліктерін қалыптастыру үдерісі болып табылады.

«Ересектерге білім беру (adult education)» үздіксіз оқыту үдерісінің кешенін (формальды және формальды емес формалары мен түрлерін) қамтиды. Оның көмегімен адамдар өзінің қабілеттерін дамытады, білімі мен кәсіби біліктілігін жетілдіреді немесе оны өзінің жаңа бағыттарында қолданады.

Ересектерге білім беру жүйесі дамуының стратегиялық мақсаты адамның даралығын көрсетуіне, тұлғалық дамуына тиімді жағдайлар жасау болып табылады. Осы мақсатты жүзеге асыруда ересектердің шығармашылығына, олардың өзін-өзі тануына, өзін-өзі анықтауына, өзін іс жүзінде көрсетуіне қолдау көрсету үшін қосымша білім беру мекемесі әлеуетінің жоғары болуы маңызды рөл атқарады.

Ересек адамдардың өмірлік және кәсіби тәжірибесінің мәні, оның ақыл-ой әрекетінің мотивациясы, интеллектуалдық белсенділігі, психикалық функциясы мәселелерін қарастыруда педагог әрі психолог ғалымдардың (Б.Г. Ананьев, Ю.Н. Кулюткин, Е.И. Степанова, Г.С. Сухобская және т.б.) зерттеу жұмыстары маңызды орын алады.

«Ересек білім алушы» – психологиялық, әлеуметтік, рухани жетілген, өзін-өзі танитын, өзін-өзі басқара ала-

тын, білім алу қажеттілігі саналы түрде қалыптасқан, өзінің кез келген іс-әрекетіне, соның ішінде білім алуына жауапты болу үшін жеткілікті өмірлік тәжірибесі бар, сана-сезімі дамыған 18-20 жастан асқан кез келген адам.

С.И. Змеев [1] ересектерге білім беруді формалды және формалды емес білім беру қызметтерінің алаңы ретінде қарастырса, ал М.Т. Громкова «ересек адам – еңбек ақысы төленетін салада оқу әрекетін өзінің қатысуымен қатар алып жүретін адам» - деп тұжырымдайды [2].

Заманауи саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайда қойылған мақсатқа қол жеткізу алдымен білім беру практикасының құрылымында, қосымша білім беру мекемесінде түбегейлі өзгерістерді талап етеді. Бұл мекеменің бәсекеге қабілеттілігі, табыстылығы және тиімділігі олардың іс-әрекетіне тікелей байланысты. Ересектер үшін білім беру құрылымы тұлғалық және жалпы мақсат пен міндеттерден, топқа қатысушылардың субъект-субъектілі қатынасынан, заңдылықтар мен қағидалар, әдістер мен формалар, нәтижеден тұрады.

Мамандардың (П.Штопка [3], Д.А. Новиков [4], т.б.) пікірінше, кез келген әлеуметтік-мәдени жүйе, оның ішінде, білім беру жүйесі адамзаттық қоғамның құндылық бағдарын қалыптастыруға және оған қолдау көрсетуге бағытталған ашық жүйе болып табылады, оған төмендегі ерекшеліктер тән: жүйеде белгілі бір компоненттердің болуы; барлық компоненттердің өзара байланысын анықтайтын ашық жүйенің құрылымы мен инфрақұрылымының болуы; компоненттердің бір-біріне әсер етуі нәтижесінде қоршаған ортамен және өзара әрекеттестігінің болуы; жүйенің дамуы; жүйенің концептуалды сипатының болуы, сол арқылы мақсаты мен құндылығының, формасының бір-бірімен байланыста болуы және т.б.

Ересектерге білім беруді моделдеудің тұғырын, тәсілдерін анықтауда оның функцияларын ескеру қажет.

«Тұғыр (подход)» моделдеу қағидасы немесе әдісі болуы мүмкін. Моделдеуде тұғыр педагогикалық моделдеудің мақсатын, қағидасын, формасын, әдістерін, тәсілдерін анықтайды. Кейбір жағдайларда тұғыр практикалық іс-әрекеттің құралдарын сол әрекет меңгеретін элемент, белгі, сипаттама түрінде негізделеді. Адам тұғырды таңдай отырып, практикалық немесе теориялық іс-әрекетті жүзеге асыруда әрекетте қолданатын құралдар шеңберін шектеуі мүмкін.

Әдебиет көздерін талдау негізінде «тұғыр» ұғымының үш түрлі анықтамасын бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Алдымен «тұғыр» қандайда бір нәрсені теория, құрылым, модель, тезис, идея, болжам түрінде зерттеу, талдау, сипаттау, жобалау, құрылымдау үшін теориялық және логикалық негіз ретінде қарастырылады. Бұл жағдайда «тұғыр» ұғымы қағида, ұстаным, идея ұғымдарымен қатар қарастырылады.

Екіншіден, «тұғыр» белгілі бір идеяны, қағиданы жүзеге асыратын іс-әрекеттердің өзара байланысты тәсілдері мен әдістерінің кешені ретінде түсіндіріледі. Бұл жағдайда «тұғыр» ұғымы әдіс, әдістеме ұғымдары арқылы ашып көрсетіледі. Үшіншіден, «тұғыр» іс-әрекет белгісі немесе сапасын көрсететін белгілердің жиынтығы ретінде «сапа», «ерекшелік» ұғымдарымен қатар түсіндіріледі.

Ересектерге білім беруді моделдеуде «андрогикалық тұғыр» қолданылуы тиіс. Андрогикалық тұғырға тән айрықша сипаттаманың бірі білім алушыларды өзінің білім алу сұраныстарын және оны қанағаттандыру бойынша саналы белсенді іс-әрекетінің субъектісі ретінде жете ұғыну болып табылады [5].

Ғылыми әдебиеттерде андрогикалық тұғырдың негізін қалайтын алғышарттар ересек білім алушылардың әлеуметтік және психологиялық әрі физиологиялық ерекшеліктеріне сүйенеді.

Ересектерге білім беру мәселесі өзара

байланысты үш факторлар тобымен дәлелденген.

Бірінші топқа ересек жастағы жалпы білім алу мәселесіне тікелей байланысты факторлар жатқызылады. Олар: жаңа жұмыстың болашағына қарай жалпы білім алуға қажеттілік, біліктілігін көтеру, тұратын орнын ауыстыру, серіктесінің көзқарасы және т.б. Бұл жағдайларда көбінесе, жалпы білім алу мерзімді, жылдамдық сипатқа ие болады. Сонымен бірге институционалды және басқа да аспектілерде дайындық үдерісінің мазмұнына, емти-ханға дайындалу формаларына, уақытқа байланысты.

Екінші топқа кәсіптік білім алу мәселесімен байланысты факторлар жатады. Оларды бірнеше құраушыларға бөліп көрсетуге болады: мамандықты, кәсіпті таңдау және сол саланы меңгеру, қайтадан даярлану, біліктілігін көтеру. Бүгінгі таңда жеке білім алу бағытында әртүрлі жұмыс формалары дамуда.

Үшінші топқа ересектерге білім берудің «өмір бойы білім алу» мәселесімен байланысты факторлары жатқызылады. Мұнда кез келген адамның өмір сүру барысында іс-әрекеті мен ойлауын, біліктілігі мен дағдысын, адамға, оқиғаға, жалпы өмірге қатынасын үнемі жаңартып отыру қажеттілігі ескеріледі. Ең қарапайым мысал ретінде, техникалық және ақпараттық-технологиялық құралдарды меңгеру тәсілін, т.б. келтіруге болады.

Ересектерді оқыту үрдісін құруда осы жастық топтың психологиялық ерекшеліктерін және қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануға байланысты анықталған әлеуметтік-мәдени жағдайларды ескеру қажет.

Ересектену (кемелдену, жетілу, толысу) кезеңі адам өмірінде ұзақ уақыттық кезең болып табылады. Кәсіби қалыптасу және өсу тұрғысынан бұл кезең бірнеше сатыларға бөліп көрсетіледі. Соның ішінде, Д.Б. Бромлейдің жастық жіктемесін қолдануға болады. Оладамның ересектену циклін төрт сатыға бөліп

көрсетеді: ерте ересектену (21–25 жас), орта ересектену (25–40 жас), кеш ересектену (40–55 жас), пенсия алдындағы жастық кезең (55–65 жас) [7].

Енді осы сатыларға қысқаша сипаттама беріледі. Ерте ересектену (21–25 жас) – бұл адамның өзі таңдаған кәсіби жолының дұрыстығын немесе қателігін саналы ұғынатын кезең. Егер, осы уақытта жұмыс орнын немесе мамандықты ауыстыру қажет болса, онда мамандықты меңгеру және өзінің кәсіби шеберлігін жетілдіру басталады.

Орта ересектену (25–40 жас) үшін таңдап алған мамандықты сақтау тенденциясы және карьераны жасау сипаты тән. Бұл адамның осы жаста жұмысты толық игеруімен және карьераны жасаудың нақты мүмкіндіктерін жете ұғынуымен байланысты. Адамдардың кейбіреулері ғана өзінің өмірін және іс-әрекет саласын өзгерту шешімін қабылдайды.

Кеш ересектену кезеңінде (40–55 жас) әлеуметтік және кәсіптік рөлдер нығаяды, олардың біреуі басымдылыққа ие болса, екіншісінің әлсіреуі мүмкін.

Пенсия алдындағы кезеңде (55–65 жас) адам қоғамда белгілі бір жағдайға, мәртебеге, әлеуметтік жетістіктерге ие болады, тұлғалық маңызды істерді таңдайды.

Сонымен жоғарыдағы барлық кезеңдер ересектену кезеңінің кәсіптік іс-әрекет контекстінде адам өміріндегі негізгі даму кезеңі екендігін көрсетеді. Ересектердің кәсіптік қалыптасуы, құзыреттілігі мен шеберлігінің өсуі барысында оқытудың формаларын және әдістерін психологиялық негіздеу білім алушылар контингентінің өзіндік ерекшеліктерін, тұлғалық қасиеттерін және танымдық үрдістерін талдауды талап етеді.

Б.Г. Ананьевтің пікірінше, бұл жоғарыда сипатталған жастық жіктеме ең жетілдірілген болып саналады. Б.Г. Ананьев ересектердің интеллектуалдық функцияларын зерттеп, эволюциялық және инволюциялық құбылыстардың бар екендігін атап көрсетеді. Ол

инволюциялық үрдісті тежейтін және картаюға қарсы тұратын факторлардың ішінен дарындылық пен білімнің болуын ерекше атай отырып, «ақыл-ой еңбегімен айналысатын адамдарда интеллектуалды функцияны үнемі жаттықтырудың қажеттілігіне» баса назар аударады [7].

Ю.И. Кулюткин зерттеуінде ересектердің күрделі ойлау операцияларының өзгерісіне білімнің әсері маңызды болып саналады. Олардың пікірінше, жоғары білімі бар адамдарда операциялық құрылымда ешқандай өзгерістер болмайды. Ал орта білімді аяқтамаған адамдарда жасы келген сайын ойлау операцияларында төмендеу байқалады [8].

Сондықтан ересек адамның маңызды сипаттарына психологиялық жетілуі, әлеуметтік кемелденуі және ізгілік құндылықтарға тұлғалық ұстанымдарының болуы жатады.

Ересек адам өзінің интеллектуалды дамуын өздігінен бақылап, кәсіби шеберлігі мен шығармашылығын одан әрі дамытуға қабілетті. Жоғары білімі бар адам үшін тұлғалық даму мотиві мен жетістікке жету мотиві тән.

Н.Н. Юдашина мотивтің төрт тобын қарастырады: нәтижелік мотивтер (істі соңына дейін бітіру, нәтижеге қол жеткізу, соңғы өнім – оның сапасы мен санына бағыттылық, материалдық марапаттау); қарым-қатынас мотиві (қоғам мен жеке индивид арасындағы қатынасқа бағдарлану); процессуалдық мотивтер (еңбектің сипаты, еңбектегі рөлдік қызметтерді орындау); өзін-өзі жетілдіру мотивтері (білім, білік, дағдыны, тұлғалық қасиеттерін жетілдіру) [9].

Бірақ адамда қандай мотив болса да, оны оқыту үдерісіне қайтадан алып келудегі бақылау нәтижелері «орта жастағы білім алушылардың» оқуға деген жоғары жауапкершілігі бар екендігін, тыңдаушылардың белсенді ұстанымына байланысты екендігін көрсетеді. Сонымен бірге орта жастағы білім алушылардың жастарға қарағанда жақсы жетістіктер көрсететіні, сабаққа үнемі

қатысатыны анықталды.

Жоғарыдағы айтылғандар адамның психологиялық-физиологиялық функцияларының төмендеуіне қарамастан, орта ересектену адамның шығармашылығындағы продуктивті кезең болып табылатыны, әсіресе гуманитарлық білімге байланысты іс-әрекеттерге қатысты екендігі жөнінде тұжырымдауға мүмкіндік береді.

Сыртқы факторлар ішінде орта жастағы адамның жаңа білімді, технологияны меңгеруін оятатындары, атап айтқанда, технологиялық және ақпараттық білім темпінің өсуі; қоғамдық қатынастардың жаңа парадигмалары; кәсіптік білімнің ескіруі және т.б. Осының ішінде кәсіптік білімнің ескіруі мәселесі орта жастағы адамдар үшін өзекті: біріншіден, мектептік және кәсіптік білімді алғанына көп жыл өткені; екіншіден, еңбек әрекетін жалғастыруы және т.б.

Қорыта келгенде, ғалымдар еңбектерінде ересектер және ересектік туралы адамдардың биологиялық, әлеуметтік, рухани, құрылымын, ересектер педагогикасының практикалық, қолданбалық аспектілері ашып көрсетілген.

Ересектер де оқу әрекетінің субъектісі ретінде оқытудың мәніне байланысты резервтер (қорлар) немесе оқытудағы кедергілер ретіндегі сипатына байланысты өзіне тән көрсеткіштермен (параметрлер) сипатталады. Ересектер оқу әрекетінің субъектісі ретінде оқытудағы субъект позициясына бағытталған психологиялық көмекті қажет етеді.

Сондықтан ересектерді алдымен оқытудың жаңа білімді бекіту мақсатында қолдану мүмкіндігімен байланысты практикалық нәтижесі қызықтырады немесе олар үшін өзінің кәсіби мәртебесін көтеру үшін білімнің мазмұны ерекше мәнге ие болады.

Осы орайда әлеуметтік және педагогикалық-психологиялық зерттеулерге жасалған талдау нәтижесі бүгінгі таңда ересектерге білім беруді ұйымдастырудың мынадай формалары бар

екендігін көрсетеді: кәсіби білім беру (vocational education); табысты ұйымдардың ересектеріне білім беру және өзінің бос уақытын пайдалану (Education for leisure); білім алу әрекеті бос уақытын дұрыс өткізудің түрі (Education for leisure); қосымша тілді үйрену; формальды емес оқыту.

Сонымен қатар ересектердің жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуының дәстүрлі, жаңа, инновациялық тұрғыдағы формалары да кездеседі. Оның ішінде, дәстүрлі формаларына тоқталатын болсақ, оған кәсіби білімдік бағдарламаларды жүзеге асыратын ұйымдастырушылық-құқықтық, ғылыми-ізденушілік мекемелер және оларды басқару, ақпараттық қызметтер жатады. Бұл жүйелерде ересектерге білім беру өздігінен білім алу; әдістемелік бірлестіктер; кафедралар; циклдік және бір реттік формалар (курстар, семинар және т.б.); білім беру мекемелері шеңберіндегі орталықтар; білімін көтеру; университеттегі кәсібін көтеру орталықтары және т.б. ұйымдастырушылық формада жүзеге асырылады.

Ересектерге білім берудің инновациялық формалары мен әдістеріне келетін болсақ, оған «кейс-стади»-ді (нақты оқу жағдаятын пайдалану арқылы оқыту), өзін-өзі тану мен өзін-өзі бағалаудың әдісі ретінде рефлексияны, тренингтік технологияны (іскерлік қарым-қатынас, тұлғалық өсу және т.б.), ойын технологиясын (іскерлік, имитациялық, жобалау және т.б.), проблемалық дәрістер мен тақырыптық дискуссияларды, мастер класстарды жатқызуға болады.

Ғылыми әдебиеттерді талдау нәтижесі жаңа технологиялардың ересектерге білім беруде өмірдің талабына сай жүйелі қолданылуы керектігін көрсетеді.

Ресей ғалымы М.Т. Громова ересектерге білім берудің әдістемесі мен технологиясына қойылатын талаптарды үш топқа топтастырады:

— табиғилықты қамтамасыз ету тобы, ол білімалушылардың бастап-

қы жағдайын, оның мотивациялық-қажеттілік саласын, өндіріске қабілетін, өзінің пікірін, ойын білдіру және т.б. ашып көрсетеді;

— мәдениет нормаларына қатыстыруды және қоршаған әлемде өзін саналы түсінуді қамтамасыз ету тобы, оның ерекшелігі өзінің мақсатын түсінуі, болжам жасай білуі, жаңа ақпаратты ала білуі және т.б.;

— мәдениет нормаларын, атап айтқанда, ойлау техникасын, коммуникацияны, рефлексиядан іс-әрекеттерді ұйымдастыру тобы, ол нақты жағдаяттарда өзін-өзі анықтау ережесін меңгеруді, дұрыс шешім қабылдай білуді және оны орындауда жауапкершілік алу біліктілігін; белгілі бір қабілетті дамытатын әрекетті тренинг ретінде ұйымдастыруды және т.б. қамтамасыз етеді [2].

Қорытынды

Жаңа технологиялардың өріс алуына байланысты қазақстандық білім берудің модернизациясы және оның әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдасуы көптеген мәселелерге негізделеді. Сондықтан бүгінгі таңда білім беруді модернизациялаудың стратегиялық мақсаты әрбір адамның ғұмыр бойы білім алуына немесе білімін толықтыруына нақты мүмкіндіктер туғызатын жаңа білім беру жүйесін құру болып табылады.

Қорыта келгенде, ересектердің оқу үдерісіндегі өзіндік бағалауының келесі педагогикалық-психологиялық ерекшеліктері айқындалды:

— ересек білім алушының бір немесе бірнеше саладағы белгілі көлем мен деңгейдегі жалпы және кәсіби білімі, өмірлік тәжірибесінің болуы;

— кез келген жаңа ақпаратты сыннан өткізіп, бағалау тәжірибесінің деңгейі;

— ұсынылған материалды талдау, меңгеру тәжірибесі;

— өзінің барлық тұрғыдан қорғай алатын кәсіби пікірінің бар екендігі;

— уақыттың құнын білуі;

— алған білімдерін тез жүзеге асыруға ұмтылысының жоғарылығы;

– мұрат-мүддесінің, қажеттілігі мен қызығушылығының айқындылығы;
– рухани, құқықтық және әлеуметтік жауапкершіліктері бар;

– өзінің кәсіби деңгейін жаңа талаптарға сәйкес жетілдіру қажеттігін ұғынуы және осы тұрғыдан мәселені шешуге тырысуы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Змеев С.И. Технология обучения взрослых. – М.: Академия, 2002. – 127 с.
2. Громкова М.Т. Модульное обучение в системно образовании взрослых // URL: <http://www.Elitarium.ru>
3. Штомпка П. Социология социальных изменений // Пер. с англ. под ред. В.А. Ядова. – М.: Аспект-Пресс, 1996. – 416 с.
4. Новиков Д.А. Теория управления организационными системами. – М.: МПСИ, 2005. – 584 с.
5. Кукуев А.И. Андрагогический подход в педагогике. – Ростов-на-Дону.: ИПО ПИ ЮФУ, 2009. – 328 с.
6. Бромлей Д.Б. Психология взрослости / Ильин Е.П. – СПб: Питер, 2012. – 544 с.
7. Ананьев Б.Г. Избранные психологические труды. В 2-х т. – М.: Педагогика, 1980.
8. Кулюткин Ю.Н. Психология обучения взрослых. – М., 1985. – 128 с.
9. Юдашина Н.Н. Профориентационная работа среди молодежи с учетом социально-экономических факторов. – Л., 1991.

REFERENCES

1. Zmееv S.I. Technology of training of adults. – M.: Academy, 2002. – P.127.
2. Gromkova M.T. Modular training in system education of adults. <http://www.elitarium.ru>
3. Shtompka P. Sociology of social changes // Russian translation, edited by V.A.Yadova. – M.: Aspect-Press, 1996. – p. 416.
4. Novikov D.A. The theory of management of organizational systems. – M.: MPSI, 2005. – P.584.
5. Kukuyev A.I. Andragogical approach in Pedagogics. – Rostov-on-Don.: IPO PI UFU, 2009. – P.328.
6. Bromlei D.B. Psychology of adulthood / Ilyin E.P. – SPb: Piter, 2012. – P. 544.
7. Ananyiev B.G. Selected psychological works. 2 volumes. – M.: Pedagogy, 1980.
8. Kulutkin Yu.N. Psychology of training of adults. – M., 1985. – P.128.
9. Yudashina N.N. Profession focused work among youth with consideration for social and economic factors. – L., 1991.

КАБЕКЕНОВ Г.У. ВОЗРАСТНЫЕ И ИНДИВИДУАЛЬНЫЕ ОСОБЕННОСТИ ОБУЧЕНИЯ ВЗРОСЛЫХ

В статье рассмотрены возрастные и индивидуальные особенности обучения взрослых. Сегодня стратегия развития системы образования взрослых заключается в создании оптимальных условий для развития личности человека, проявления его индивидуальности. Это обусловлено потребностью в новых знаниях, умениях, навыках, которые бы сделали процесс адаптации человека к создавшимся условиям более оперативным и эффективным. При построении процесса обучения взрослых необходимо учитывать психологические особенности данной возрастной группы и те социокультурные условия, которые детерминированы применением современных информационных и коммуникационных технологий в обучении. Важно отметить, что определение зрелости связывается не с возрастом, а с социально-психологическими

факторами, которые, с одной стороны, осознаются самим человеком, а с другой проявляются в общественной жизни. Поэтому надо учитывать, что накопленные за последнее время научные данные о возрастных изменениях взрослых людей, а также новейшее понимание целостности онтогенеза, единства и взаимосвязи всех периодов человеческого развития позволяют подойти к построению психофизиологической периодизации возрастных фаз зрелости или взрослости, характеризующей типологические и метрические свойства этих фаз человеческой жизни.

Ключевые слова: образование взрослых, возрастные особенности обучения взрослых, индивидуальность.

KABEKENOV G. AGE AND INDIVIDUAL FEATURES OF ADULT TEACHING

In today's socio-economic changing conditions, adult education becomes an actual problem again. The current strategy of adult education system development is to create the best conditions for development of personal identity, manifestation of personality. It is caused by the need for new knowledge, abilities, skills which would ease and promote the adaptation of a person to the new conditions. The process of teaching adults shall consider psychological features of the age group and the sociocultural conditions determined by the application of modern information and communication technologies in teaching. The article studies some individual age features of adults teaching. The maturity is defined not by age but by social and psychological factors which are both realized by the person itself and are displayed in public life. Therefore it is necessary to consider that the scientific data collected recently about age changes of adults, and also the latest understanding of ontogenesis integrity, unity and interrelation of all periods of human development allow approaching the construction of a psychophysiological periodization of age phases of maturity or adulthood which characterizes typological and metric properties of these phases of human life.

Keywords: adult education, age features of adult teaching, individual.

ӘОЖ 37.022

МЕКТЕПТІҢ ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІНДЕ ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ КӨПТІЛДІЛІККЕ БАУЛУ

Ж.З. ТОРЫБАЕВА

п.ғ.д., профессор, Педагогикалық ғылымдар кафедрасының меңгерушісі

Б.А. ТОЙБЕКОВА

PhD докторант

Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ -түрік университеті
e-mail: Bagdat1984@mail.ru

Мақала көптілділікке баулу оқушы тұлғасының мәселесіне, оны заманауи жалпы білім беретін мектептің оқу-тәрбие үдерісінде көптілді, көпмәдениетті тұлға ретінде дамытудың ерекшеліктеріне арналған.

Білім беру жүйесінде басымдылықтардың өзгеруі, оның мәдениетті құрушы рөлінің күшеюі жағдайында көптілді білім беру қағидасы тұлғаны өсіріп, нәрлендіретін орта болып саналатын мәдениет пен тәрбие, сонымен қатар, баланы тұлға ретінде тәрбиелеу мен дамыту арасындағы қарым-қатынасты анықтайды.

Көптілді тұлға болмысын түсіну үшін тіл мен қатысымдық тілдесім тұлғаның қалыптасуы барысында маңызды рөл атқаратындығы туралы қорытынды басты мәнге ие. Оқушының көптілділікке қатысымы сөйлеу тілдесімін дамытуға сөйлеу қызметі тұтастығы мен тәртібіне, яғни адамдар арасындағы қатысымына байланысты болып табылады.

Авторлардың пікірінше, қазіргі мәселені шешу, берілген үрдісті ұйымдастыруға қатысты жүйелі-тұтас әдісті қолдануды, негізінде оқыту-тәрбиелеу үрдісінің тұрақтылығы туралы түсінігі бар педагогикалық шарттарды анықтауды, оқушының көптілділікке баулу барысында оның заңдылықтары мен қағидаларын есепке алуды талап етеді.

Кілтті сөздер: тұлға, мектеп, көптілділік, баулу.

Кіріспе

Бүгінгі мектептің негізгі ұстанымы – бәсекеге қабілетті жастарды тәрбиелеу, тұлғаның мәдени және құндылықтық деңгейі мен ақыл-ойын арттыру, оны көптілділікке қоғам қажеттілігіне сай бейімдеу. Қазіргі кезеңде қоғам өмірінің демократияландыру, ізгілендіру, бәсекеге қабілетті экономиканы дамыту, бәсекеге қабілетті қоғам мүшелерін тәрбиелеу барысында Қазақстан Республикасында елеулі, оңтайлы өзгерістер пайда болып, жүзеге асырылуда. «Үштұғырлы тіл» бағдарламасы қолдау тауып, үлкен іс-әрекеттер орындалып, жасампаздық пен жанарулар туындап, барлық салаға дамыту алып келу кезеңінде, оқу орындарының педагогикалық үдерісіндегі тәрбие салаларындағы жұмыстарға жаңа белесте, тың көзқарастармен қарауды алға қояды, жауапкершілікті, талапты туындатады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына жүгінсек, бүгінгі мектеп түлегі – көптілді коммуникативтік және ақпараттық құзыреттілігі дамыған, көпмәдениетті, рухани-адамгершілік, ұлтаралық қатынастар мәдениетінің жоғары деңгейін меңгерген, қазақ елінің және жалпықазақстандық құндылықтарды қастерлейтін, тілдерді меңгеруге тұрақты қызығушылық танытатын, отансүйгіштік және азаматтық санасезімдері дамыған тұлға.

Сондай-ақ, білім беру ұйымдарында тұлғаны тәрбиелеу баланың өмірлік іс-әрекеті үдерісін педагогтің дұрыс

ұйымдастыруы және бағыт беруі арқылы жүзеге асады.

Негізгі бөлім

Тұлға проблемасы бірқатар ғылымдардың: философия, әлеуметтану, психология, педагогика ғылымдарының зерттеу объектісіне жатады. Қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар саласының қай-қайсысында болсын адам орталық мәселе болғандықтан олар тұлға ұғымын ортақ қолданып, әрқайсысы әр қырынан зерттеп-таниды және осы ғылым салаларының зерттеу нәтижелерінің өзара ықпалдастығы мен бір-біріне әсері бар. Әр ғылым саласы тұлға сөзіне өзіне тән танымдық-ұғымдық мағына сыйғызады.

Тұлға – жеке адамның өзіндік адамгершілік, әлеуметтік, психологиялық педагогикалық қырларын ашып, адамды саналы іс-әрекет иесі және қоғам мүшесі ретінде жан-жақты сипаттайтын ұғым. Адамның әлеуметтік қасиеттерінің жиынтығы, қоғамның даму жемісі және белсенді қызмет ету мен қарым-қатынас орнату арқылы жеке адамды әлеуметтік қатынастар жүйесіне енгізудің жемісі [1].

Ғылыми әдебиетте «көптілді білім беру – бұл мектепте оқу пәндерін екі немесе одан да көп тілде аудармасыз оқыту» деген ұғым қалыптасқан. Бірақ іргелі білім негіздерін меңгеру болашақтағы түбегейлі мақсат болғандықтан, көптілділіктің «туын» көтеріп, стандарт мазмұнын білім алушыларға толығымен жеткізу, одан оң нәтиже алу артқы шекте қалып қалмауы әдістемелік ізденістерді талап етеді [2].

Сонымен, полилингвальды тұлға –

түрлі тілдік мүмкіндіктерге ие жеке тұлға ғана емес, өз әлеуметтік ерекшелігі мен этникалық негізі бар, коммуникативті құзыреті қалыптасқан тұлға.

Мектеп тәрбиесі балаға жан-жақты тәрбиелік ықпал жасау үшін үлкен мүмкіндіктерге жағдай туғызады. Мектепте кездесетін әр адам балаға бір жаңалық ашады. Бұл жағдайда ұстаздың тұлғасы және құрбы-құрдастарымен қарым-қатынастар сипаты үлкен рөл атқарады [3; 4].

Соңғы психологиялық-педагогикалық зерттеулер осы күрделі міндетті шешу мектепте, ең алдымен, оның барлық баспалдақтарында, оқу мазмұны мен әдістерін түбегейлі өзгертумен байланысты екендігіне көз жеткізеді [5].

Педагогикалық жүйе белгілі педагогикалық шарттарды сақтағанда ғана қызмет етеді және дамиды. Осы орайда тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында қалыптастыруды ұйымдастыру жолдары мен шарттарын қарастыруда жалпы педагогика ғылымындағы қалыптасқан тәжірибеге назар аудардық.

«Шарт» – бір-бірінен бөлек өмір сүре алмайтын зат пен қоршаған ортаның арасындағы қарым-қатынас категориясы тұрғысынан түсіндіріледі. Белгілі бір құбылыстар пайда болатын, өмір сүретін макро не микро әлем сол шартты құрайды. Шарт – ол объектілер (заттардың, олардың жағдайының, арақатынасының) комплексінің компоненті, бұлардың өміршендігінен осы құбылыстардың да өмір сүру қажеттілігі туындайды.

Ал қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігінде «шарт» ұғымына мынандай түсініктеме беріледі. «Шарт – бұл: тәуелді болатын бір жағдай; өмірдің, іс-әрекеттің белгілі бір саласында қалыптасқан ережелер; бір нәрсе жүзеге асырылатын жағдай; негізге алынатын мәліметтер мен талаптар» Философиялық сөздікте: «Шарт – заттың қоршаған құбылыстарға қатынасын білдіретін философиялық категория.

Шарт өзі пайда болатын өмір сүретін және дамитын жағдайда ортаны құрайды» деп берілсе, педагогикалық зерттеуде, көп жағдайда, тәуелді болатын жағдай; бір нәрсе жүзеге асырылатын жағдай ретінде қарастырылады [6].

Шарттар адамның өзінің ішкі ресурстарын жұмылдыруға, өзіне қолайлы тәсілдерді іздеуге, өмірлік іс-әрекетте адамның баламалы қабылдауының себептерінің бірі болып табылады. Осылайша, білім беру кеңістігінің шарттары, білім беру үдерісіне қатысушылардың ішкі ағзалық өмірлерін белсендірудің шарты болады.

Олай болса, педагогикалық, психологиялық шарттардың мәні, педагогикалық үдерістің компоненттері мен шарттарының арақатынасын көрсету болып табылады. Бірқатар ғалымдар, соның ішінде Е.Ю. Никитина, О.В. Суслова, Ж.Ж.Искаков «педагогикалық, психологиялық шарттар» деп жеке тұлғаның белгілі бір сапаларын аса жоғары деңгейде дамытуда, білім алушылардың мақсатқа жетудегі білім беру үдерісінде жүзеге асырылатын, өзара байланысты іс-шаралардың жиынтығын айтады [7].

С.А. Мухамедьянов педагогикалық шарттар деп, педагогқа тиімді түрде оқу және тәрбие жұмысын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, психологиялық және педагогикалық факторлардың (қатынастар, құралдар және т.б.) жиынтығы тұрғысынан тығыз өзара әрекетте құрылған мақсатқа бағытталған жағдайды айтады [8].

Н.В. Останина «шартты» кең мағынасында қарастырады және оны «қоғам дамуының аталған кезеңінде, әлеуметтік-педагогикалық үдерістердегі әрекетінің соңғы нәтижесінің жиынтығы», деп анықтайды [9].

Педагогикалық зерттеулерде қарастырылатын мәселеге байланысты шарттар жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуын қамтамасыз ететін себеп-салдар; оқу-тәрбие үдерістерін ұйымдастыруға қойылатын талаптар; әрекеттің реті; педа-

гогикалық міндеттерді шешу үдерісін жүзеге асыратын орта; педагогикалық әсерді жүзеге асыруды қамтамасыз ететін ережелер мен қарым-қатынас түрлері ретінде ұсынылады. Зерттеу барысында жасалған талдау нәтижесі педагогика теориясы мен практикасында ұйымдастырушылық-педагогикалық (В.А. Беликов, Е.И. Козырева, С.Н. Павлов және т.б.); психологиялық-педагогикалық (Н.В. Журавская, А.В. Лысенко және т.б.); дидактикалық (М.В. Рутовская және т.б.) шарттардың кездестінін көрсетеді. Сонымен шарт - бұл белгілі бір объектінің қызмет етуінің негізі болып, объективті және субъективті, қажетті және жеткілікті деп те жіктеледі.

В.И. Андреева педагогикалық шарттарға анықтама бере келе, оқу-тәрбие процесс шаралары – оқытудың мазмұны, әдістері, сонымен бірге ұйымдастырушылық формасы екендігін көрсетеді [10]. О.А. Свириденко бұл анықтаманы психологиялық тұрғыдан қарастырып «... әлеуметтік маңызға ие жеке тұлғаның дамуымен байланысты оқу-таным кезіндегі уәждемелік шарттылық; арнайы пәндердің оқу материалын дидактикалық өңдеу, оқытудың заңдары, ұстанымдары, ережелері; болашақ мамандықтың сипатына оқу-танымдық сипаттың жақындатылуы», деп толықтырады [11].

Жоғарыда аталғандарды есепке ала отырып, біздің ойымызша, жалпы орта білім беру жағдайында полилингвальды тұлғаны қалыптастыруды ұйымдастыру үдерісіндегі педагогикалық шарттарды оқушы мен мұғалімнің өзара түсінісуі, серіктестікпен бірлесіп әрекет етуге бейімділігі, бірлескен шығармашылық жұмыстарға негізделетін диалогтік, субъектаралық қатынастарынан жасалған, сонымен бірге тұлғаралық қарым-қатынастарды қалыптастыруға мүмкіндік туғызатын, ынтымақтастық іс-әрекеттерге жетелейтін, коммуникативтілік қабілеттілікті қалыптастыратын жағымды педагогикалық жағдай деп есептейміз.

Оқушылардың полилингвальды тұлғасын қалыптастырудың бірінші шарты – оқу-тәрбие үдерісінде полилингвальдық тұлғаны қалыптасуының жүзеге асуы үшін мұғалімнің әр пәнді оқытуды көптілді-лікті игеруге баулумен ұштастырудағы ұсынған нақты теориялық-педагогикалық бағыты болуы тиіс. Әрбір тақырыптың мазмұнын ашып көрсетуге дайындала отырып, осы тақырыпқа байланысты полилингвальды тұлғаны қалыптастырудың жалпы міндеттерін шешуді оқытудың мазмұны, түрлері және әдіс-тәсілдерімен байланыстыру міндетті түрде ескерілуі қажет.

Оқушылардың полилингвальды тұлғасын қалыптастырудың екінші шарты - оқушылардың полилингвальдық тұлғасын қалыптасу деңгейлерін диагностикалау.

Ғалым І.Р. Халитова өз еңбегінде диагностиканың негізгі ұғымдарын былай сипаттайды: *Педагогикалық диагностика* – оқушылардың (студенттердің) тәрбиелік және білім деңгейлерін анықтауға арналған оқытушының іс-әрекеті; санның сапалық өсу мен сәйкестігін талдау жұмыстары; *Психологиялық диагностика* – балалардың, студенттердің (ересектердің де) бойындағы әдетте байқала бермейтін бірақ қарым-қатынасы мен оқу әрекеттеріне кері әсер ететін аутқуларды анықтау; *Педагогикалық үдерістегі диагностика* – оқу-тәрбие үдерісіндегі жетістіктермен кемшіліктерді анықтау үшін белгілі бір оқу-тәрбие мекемесінде жүргізілетін жұмыстар. Осыған сәйкес полилингвальды тұлғаны қалыптастыру үдерісінің мазмұны, әдіс-тәсілдері таңдалып, сабақ барысында және сабақтан тыс ұйымдастырылатын іс-шаралардың түрлерін айқындау.

Оқушылардың полилингвальды тұлғасын қалыптастырудың үшінші шарты – мұғалім оқу-тәрбие үдерісін, оның заңдылықтарын, принциптерін, тұлғаны дамытып, оның бойындағы полилингвальдық құзыреттерді қалыптастырудағы барлық компоненттердің

мәнін дұрыс түсінуі, яғни мектептің сыныптан тыс жұмыстың тәрбиелік әлеуетін ұтымды пайдалануы тиіс. Көптілділікке баулу жұмысының нәтижелі болуы мұғалімнің білім мен тәрбие беру тәсілдерін жетік меңгеріп, қажет жағдайда тиімдісін таңдай білуіне байланысты. Соның ішінде оқыту мен тәрбиелеудің интерактивті формаларын, әдістерін қолдану оқушылардың ұйымшылдық, ұжымшылдық, белсенділік, шешімпаздық, көшбасшылық, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жүзеге асыру сапаларын бекітеді.

Оқушылардың полилингвальды тұлғасын қалыптастырудың төртінші шарты – мектептің тұтас полилингвальдық мәдени-тәрбиелік кеңістіктігін құру, яғни мектептің оқу-тәрбие берудің теориясы мен практикасына, мазмұнына, әдістеріне оларды өзара бірлік негізінде қарастыру, оқушылардың жас ерекшеліктері мен қабілеттеріне сәйкес ендірілетін тіл материалдарын меңгерудің оңтайлы жұмыс түрлеріне сараптама жасау олардың қоғамдық-тарихи объективті қажеттілігін ұғынуға байланысты екендігін және оны қоғамдық, педагогикалық мұрат, деңгейіне көтергенде игілікті нәтиже беретіндігіне көз жеткізілді.

Қорытынды

Білім беру – тұлғаның даму және өзін-өзі дамыту үдерісі, ол білімде, біліктілікте, шығармашыл іс-әрекетте және әлемге деген эмоционалды-құндылық қарым-қатынаста іске асырылған адамзаттық әлеуметтік маңызды тәжірибені меңгеруімен байланысты; қоғам мен тұлғаның материалдық және рухани

мәдениетті дамыту мен сақтау бойынша іс-әрекетінің қажетті жағдайы.

Мәдени орта – мектеп өмірі ырықтануының маңызды факторы, өйткені тұлғаның және мектеп қауымдастығының өмірлік іс-әрекетіне жалпыадамзаттық негіз береді. Мектептегі орта баланың көңіл-күйін анықтайды, жайлылықты, қауіпсіздікті сезіндіреді. Оң жұмыс жасайтын орта ынтымақтастық пен жағымды қарым-қатынасты орната отырып, шешім қабылдауда демократиялық қағидалардың орнығуына көмектеседі. Осындай ұйымдасқан мектеп ортасының арқасында үлкендер мен балалардың өзара қарым-қатынасында қолайлы ахуал нығайтылады.

Тәрбие қызметіне қарағанда тәрбие жұмысы педагог-тәрбиешінің жасайтын немесе қайта құратын педагогикалық қатынастар жүйесінен туындайтын шарттарды білдіреді.

Сондай-ақ, педагогикалық шарттар оқу-тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастыруға бағытталады. Осыдан педагогикалық шарттар қойылған мақсат пен міндеттерге қол жеткізуді қамтамасыз ететін оқу-тәрбие үдерісінің мазмұны мен оны ұйымдастыру түрлерінің объективті және оларды іске асырудың материалдық мүмкіндіктерінің жиынтығы, жоспарланған нәтижені қамтамасыз ететін, міндетті түрде сақтауды қажет ететін сыртқы талаптар ретінде олардың іс-әрекетте жүзеге асырылуы жоғарыда санамалап берілген педагогикалық шарттардың қызметтік жүйесіне тікелей байланысты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кішібеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. – Алматы, 1999. – 200 б.
2. Филонов Г.Н. Теория поликультурного образовательного пространства // Педагогика. – 2006. – № 3. – С.102–105.
3. Подласый И.П. Педагогика. – Москва: Владос, 2000
4. Жетписбаева Б.А. Теоретико-методологические основы полиязычного образования. – Караганды, 2009. – 278 б.
5. Сейталиев К. Тәрбие теориясы. – Алматы, 1986
6. Философский энциклопедический словарь // Ред.-кол.: С.С. Аверинцев, Э.А. Араб-Оглы, Л.Ф. Ильичев и др. – М.: Советская энциклопедия, 1989. – 815 с.

7. Философиялық сөздік. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1993. – 356 б.
8. Мухамедьянова Г.М., Мухамедьянов С.А. Портфолио: введение в теорию и практику. – Уфа: Чурагул, 2007. – 103 с.
9. Останина Н.В. Развитие менеджмента в корпоративных системах на базе информационных технологий. – Киев, 2000. – 19 с.
10. Андреев В.И. Диалектика воспитания и самовоспитания творческой личности. – Казань: Изд-во КГУ, 1988. – 181 с.
11. Свириденко О.А. Условия формирования профессионально-педагогической направленности будущих учителей в педагогическом вузе. – Челябинск: ЧТУ, 1995. – 181 с.

REFERENCES

1. Kishibekov D. Kazakh mentality: yesterday, today and tomorrow. – Almaty, 1999. – 200 p.
2. Filonov G.N. The theory of multicultural educational space // Pedagogy. – 2006. – №3. – P. 102–105.
3. Podlasiy I.P. Pedagogy. – Moscow: Vldos, 2000.
